Бірақ ғылым дамып, бұрынғыдан да тез алға басып, жаңалықтар ашылған сайын, жаңа пікірлер мен гипотезалар туындай беретіні заңды құбылыс. Мәселен, кейінгі кездегі археологиялық зерттеулердің негізінде жасалған батыл тұжырымдар бойынша, алғашқы америкалықтардың бұл материктерге қоныс аудару мерзімі, жоғарыда аталғандай, тек қана 12000 жылмен шектелмейді және мұның негізсіз емес екенін көрсететін мысалдар да жеткілікті. Мысалы, Пенсильвания штатының оңтүстік батысына жасалған археологиялық экспедиция сондағы құмнан түзілген жартастардың қуысынан байырғы заманда адамдар мекен еткен ескі тұрақтың орнын ашқан болатын. Археологтар әлгі тұрақтан табылған ағаш қабығынан тоқылған төсеніш секілді бір ескі бұйымның бір тұтам қалдығын радиокарбон (C-14) әдісімен зерттеу барысында оның жасының шамамен 19600 жылға тең екенін есептеп шығарды. Ондағы от немесе ошақ орнында қалған көмір мен сол маңайдан табылған тастан қашалып жасалған пышақтармен және сол пышақтардың көмегімен өңделген бұғы сүйектерінің жасы да 15000 жылға жуық екені қоса анықталды. Сондай-ақ, соңыра Мэдоукрофт болып аталып кеткен әлгі байырғы мекеннен, одан мүлде шалғайда, жүздеген шақырым қашықтықта орналасқан жартастардан өндірілген басқа бұйымдар да табылған. Соған қарағанда, әлгі жерді мекендеп, негізінен аңшылық пен жеміс-жидек теруді кәсіп қылған алғашқы америкалықтар әлгі соңғы бұйымдар өндірілген Огайо және Батыс Вирджиния секілді жерлерді мекендеген басқа тайпалармен де ауыс-түйіс немесе алыс-беріс қатынаста болғанға ұқсайды [Begley 1991].

1926 жылы Американың Денвер қаласындағы Табиғат тарихы мұражайының бір топ палеонтолог ғалымдары Нью-Мексико штатындағы Фолсом қалашығынан батысқа қарай 8 мильдей қашықтықта орналасқан археологиялық алапта қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан кезде, жер бетінен біраз тереңдіктегі қыртыстан бұдан мыңдаған жылдар бұрын жойылып кеткен байырғы бизон сүйектерін тауып, олардың жасын анықтау үшін зерттеу жұмыстарын бастаған болатын. Жұмыс барысында палеонтологтар әлгі орнынан адам қолымен өңделген екі шақпақ тасқа кез болып, шексіз таңданады. Өз көздеріне өздері сенбей, ғалымдар қазба жұмыстарын одан ары жалғастыра береді. Келесі бір сәтте олар

топырақтан бизонның қабырғасына және сол сүйекке іргелес жатқан, адам қолымен өңделген тағы бір шақпақ тасқа кезігеді. Ғалымдар бұл жолы аса ептілік танытып, өздері күтпеген жерден ашқан ғажап жаңалықтарын басқалардың да өз көздерімен көруін қалап, әлгі қабырға мен шақпақ тасты сол жатқан қалпынан қозғамай, айналасындағы топырағымен бірге ойып алады. Ондағы мақсат әлгі материалдардың негізінде өздері ой түйіп үлгірген, өзінен-өзі сұранып тұрған ғылыми тұжырымға экспедицияға қатыспаған өзге ғалымдар мен ғылыми көпшіліктің көзін қоса жеткізу болатын.

Демек, сонау байырғы плейстоцен дәуірінде жаппай жойылып кеткен жануарлардың қаңқа сүйектерімен бірге әлгіндегідей өңделген тас құралдардың табылуы, сөз жоқ, Америка материктерінде адам баласының да сол дәуірде қатар ғұмыр кешкенінің тікелей айғағы болатын. Экспедиция жетекшісі — жоғарыда аталған мұражайдың директоры - Дж.Д.Фиггинс те дәл осындай тұжырымға бірден келген болатын. Қуанышы қойнына сыймай, шыдамы таусылып, дегбірсізденгені соншама, ол өзінің бұл тұжырымын тезірек әріптестеріне жеткізуге асығады. Ендігі сәтте ол «Жаңа әлемге адамдар тек 12000 жыл бұрын ғана қоныстанған» деген көптен қалыптасып, сұр болып үлгірген ескі пікірдің негізсіз екенін жариялап, бұл тұжырымын ғылыми әлемге паш етті.

Бірақ Фиггинстің бұл батыл тұжырымын ескі пікірдегі лауазымы биік ғалымдар бірден құптай қоймады. Олар «әлгі шақпақ тастар топырақтың жоғарғы, яғни жер бетіне жақындау қабаттыңда жатқан болуы мүмкін» немесе «олар қаңқа сүйектер жатқан төменгі қабаттың топырағымен қазба жұмыстары кезінде жіберілген қателіктердің салдарынан, байқаусызда, кездейсоқ араласып кетуі де әбден ықтимал» деген сияқты сыныққа сылтау болатын болжамдарды кесе-көлденең тартып, тізе біріктіріп, бір ауыздан сөз шығарып, Фиггинс ашқан жаңалыққа жаппай қарсы тұрып, ғылым үшін өте құнды жаңалықты қабыдатпай тастайды.

Өзінің Фолсом қазбалары бойынша жасаған ғылыми тұжырымдамасының дұрыстығына көзі әбден жеткен және оған титтей де күмәні болмаған, бірақ қарсыластарын сендіре алмай титықтаған Фиггинс үшін бұл, әрине, әділетсіз де қатал соққы еді. Бірақ ол мойыған жоқ. Керісінше, жаңа айғақтар мен соны дәлелдер іздеуге бел байлайды. Себебі одан басқа амал қалмаған болатын.

Келесі 1927 жылы Фиггинс Колорадо Табиғат тарихы және Американың Табиғат тарихы мұражайларының қаржылай қолдауымен Фолсом қазбаларына екінші археологиялық экспедиция ұйымдастырды. Көп ұзамай Фиггинс бастаған ғалымдар тобы тағы бір бизон қабырғасына және сол қабырғаға қадалып қалған, шебер өңделген найза ұшына кезігеді. «Аузы күйген үріп ішеді» демекші, бұл жолы Фиггинс пен оның әріптестері өздері тапқан найза ұшына қол тигізбей, бөз қалпында қалдырады да, Америка археология ғылымының басында отырған, бірақ алдында өзі ашқан жаңалыққа қарсы шыққан «майталман» ғалымдарға жеделхат жолдайды. Бұл жолы істің сәті түсіп, бір-екі күн өткен соң Фолсом маңынан ашылған ғажайып жаңалықты өз көздерімен көру үшін ғалымдар лек-легімен ағыла бастайды. Сөйтіп, көптен бері текетірес болып келе жатқан ғылыми тартыстың басы ашылады. Ескі пікірді қызғыштай қорып, оған кір жуытпай жүрген Американың атақты археологтары райларынан қайтып, Фиггинстің жаңа тұжырымдамасына еріксіз мойынсұнды. Олар енді әлемге «алғашқы америкалықтар бұл құрлықтарға осыдан 15000 не 20000 жыл бұрын келіп қоныстанған» деген соңғы пікірді жария ете бастайды [Thomas

1994; Альберто 1986].

Бұл пікірдің негізсіз емес екенін келесі ғылыми факторлар да дәлелдей түседі. Олардың біразы төмендегідей. Тынық мұхит пен оның батысы мен шығысында орналасқан алып Азия және Америка құрлықтарының адамзат тағдыры мен бүкіләлемдік табиғи процестердегі алатын орнының ұшан-теңіз екеніне ешкім де дау айта алмайтыны белгілі жай. Өйткені бүкіл жер шары халқы мен әлемдегі мұхит суының тең жартысын қамтитын бұл шексіз аймақта аса ірі биологиялық, минералдық және энергетикалық байлық көздері шоғырланған. Сондықтан да болар, бұл аймаққа бүкіл әлем ғалымдары көз тігіп, үнемі қадағалап отырады. Осының бір дәлелі ретінде, 1920 жылы құрылған, ең алғашқы ірі халықаралық ғылыми ұйымдардың бірі болып саналатын Тынық мұхит ғылыми қоғамдастығын айтса да жеткілікті. Бұл ұйым қазір әлемдегі 45 елдің басын қосып, әр төрт жыл сайын Тынық мұхит аймағының мәселелерін талқылайтын арнайы ғылыми конгрестер өткізіп тұрады.

Ұйымға мүше елдер өкілдерінің алғашқы бас қосуы 1920 жылы Гавай аралдарындағы Гонолулу қаласында өтсе, он бесінші конгресі 1979 жылы Совет Одағының Хабаровск қаласында ұйымдастырылған болатын. Осы конгрестің, әсіресе, біз көтеріп отырған мәселеге ерекше қатысы бар екенін баса айтқан жөн. Өйткені конгрестің ең ірі секцияларының бірі «Тынық мұхит аймағында орналасқан халықтарды зерттеудің этномәдени проблемалары» деген тақырыпқа арналса, оның және бір симпозиумы «Америка мен Азияның соңғы плейстоцен және бастапқы голоцен дәуірлеріндегі мәдени байланыстары» деген мәселені талқылады. Симпозиум жұмысына Совет Одағы жағынан Р.С.Василевский мен АҚШ жағынан Р.Е.Аккерман сияқты атақты ғалымдар төрелік етіп, күн тәртібіндегі ғылыми мәселелерді талқылауға Совет Одағы, АҚШ, Канада, Жапония, Куба, Австралия және Вьетнам елдерінің айтулы археологтары, антропологтары, этнографтары және геологтары белсене ат салысты және ең бастысы, кейіннен симпозиум материалдары жеке жинақ болып басылып шықты [Позднепоеистоценовые и раннеголоценовые культурные связи... 1983].

Бұл материалдардан Азияның солтүстігі мен Америка материгіне адамдардың қашан және қалай қоныстанғанын дәлелдейтін өте құнды ғылыми деректер кездеседі. Міне, дәл осы тұрғыдан қарағанда, аталмыш жинаққа енгізілген А.П.Окладников, Н.Н.Диков, Г.И.Медведев, А.Л.Брайен, Р.Л.Карлсон, К.Г.Тернер, В.Херли, П.Блид, М.Есидзаки, Ф.М.Хоблер, Е.А.Окладникова және осыдан сәл ғана бұрын есімдері аталған басқа ғалымдардың ғылыми баяндамалары ерекше мән беруді қажет етеді. Өйткені бұл ғалымдардың жарық көрген мақалаларының барлығы да Азиядан Америка континенттеріне адам баласының алғаш қалай қоныс аударғаны және ол екі құрлықтың арасында қалыптасқан байырғы қарым-қатынастар жөнінде ғылыми тұрғыдан негізделген, аса бағалы мағлұматтар береді. Оның үстіне аты аталған ғалымдардың барлығы дерлік археология саласында 1949 жылдан бастап қолданылып келе жатқан, бағзы заманнан бері тіршіліктері тоқтап, жер қойнауына өткен адам тәні болсын немесе кез келген фауналық ия флоралық материалдардың жасын дәл айырып, анықтап беретін радиокарбон (С-14) әдісін жете меңгерген мамандар болатын.

Осы орайда Американың Табиғи ғылымдар мұражайының XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары Орта Азияға, дәлірек айтқанда, Моңғолияның түкпіріне аттандырған археологиялық

экспедициясының ашқан жаңалықтарын да ерекше атаған жөн. Әсіресе, экспедицияға қатысқан ғалымдардың ішінен аса бағалы еңбегімен көзге түскен Н.Х.Нельсонды ерекше атап өткен орынды. Ол Гоби шөлінен кейін «гоби нуклеустері» деп аталып кеткен, адам қолымен тастан жасалған, ғылыми тұрғыдан өте құнды бұйымдарды ашты. Дәл сондай нуклеустерді кейін Н.Х.Нельсон Аляскадағы Фербенкс қаласының қасында орналасқан университет фермасының маңынан да тапты. Осындай бұлтартпас айғақтарға сүйене отырып, Нельсон Америкаға адамдар о баста Азия материгінен келіп қоныстанған деген батыл тұжырым жасады.

Одан кейінгі ондаған жылдар бойы жүргізілген археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстары да айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Гоби нуклеусі немесе өңделу мәнері жағынан соған жақын, сына тәріздес нуклеустер Алтайдан, Байкал сыртынан, Енисей, Ангара өзендерінің бойынан, Якутиядан, Амур өзенінің алқабы мен Приморье өңірінен, Сахалин мен Жапониядан, сол сияқты Камчаткадан және Алеут аралдарынан да табылған. Бұлар Азиядағы Гоби шөлінен бастап, сонау Тынық мұхиттың шығыс бетіндегі Америкаға дейін сайрап жатқан байырғы аңшылардың ескі сүрлеуі мен іздерінің айқын да айшықты белгілері десек, артық айтқандық болмайды.

Моңғолия жерінде ашылған ең соңғы археологиялық жаңалықтарды сараптай келе, Америка материгіне адам баласының қоныстануы жөнінде Орта Азияның өте үлкен роль атқарғанын және оның бұлтартпас дәлелдері бар екенін орыс ғалымы А.П.Окладников те өзінің жоғарыда айтылған еңбегінде ерекше атап өтеді. Ол Моңғолияда байырғы заманда қалыптасқан тас өңдеу мәдени дәстүрінің Азия материгінің шығысы мен солтүстігінде орын тепкен тас өңдеу мәдениетіне тікелей ықпал еткенін және бұл технологиялық дәстүрдің кезінде Солтүстік Америкаға да тарағанын ғылыми тұрғыдан аса дәйектілікпен тұжырымдайды. Р.С.Василевскийдің пайымдауынша, жоғарыда аталған дәстүрмен өңделген тас бұйымдар табылған Сібірдегі байырғы адам мекендерінің радиокарбон тәсілімен анықталған жас шамасы 45-30 мың жылға теңеледі.

Аляска мен Американың солтүстік батыс жағалауынан ашылған байырғы адам тұрақтарының орнынан табылған тас бұйымдардың азиялық дәстүрмен өңделгенін жоғарыда есімдері аталған Р.Е.Аккерман (АҚШ), Р.Л.Карлсон және Ф.М.Хоблер (Канада) секілді ғалымдар да толық құптады. Мәселен, Аккерманның пайымдауынша, микронуклеустер мен тастан қашалған пластиндер Солтүстік Америкада 12 ғасыр бұрын пайда болған және бұл мәдени дәстүр тікелей Азиядан ауысқан.

Н.Н.Диков та өз мақаласында соңғы плейстоцен және алғашқы голоцен дәуіріндегі Камчатка, Чукотка және Жоғарғы Колыма аймақтарынан табылған адам мекендеген байырғы тұрақтардан алынған археологиялық материалдардың Американың палеолит дәуірінде қалыптасқан кешендерінен табылған бұйымдарға тікелей қатысы бар екенін көрсетеді. Сондықтан да оларды байланыстыра қарастырады. Сонымен қатар, Диков Камчаткадан ашылған тас бұйымдарды Американың Аляска аймағындағы Денали және Акмак кешендерінен табылған материалдармен салыстыра отырып, олардың бір-біріне өте ұқсайтынын және бір-бірімен байланысты екенін атап өтеді.

Солтүстік Юкон аймағындағы Оулд Кроу өзені кесіп өтетін ақаптан қазып алынған, сүйектен өңделіп жасалған бұйымдардың

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50	51	52	53	54	55	56	57	58	59	60	61	62	63	64	65	66	67	68	69	70	71	72	73	74	75	76	77	78	79	80	81	82	83	84	85	86	87	88	89	90	91	92	93	94	95	96	97	98	99	100
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50	51	52	53	54	55	56	57	58	59	60	61	62	63	64	65	66	67	68	69	70	71	72	73	74	75	76	77	78	79	80	81	82	83	84	85	86	87	88	89	90	91	92	93	94	95	96	97	98	99	100

Полкинг күнтізбесі



Саркофаг бетіндегі құпия белгілері

жасын А.Л.Брайен 25-40 мың жылға теңейді. Демек, бұл тұрғыдан келгенде, ең алғаш рет адам баласы Америка материгіне бұрын айтылып жүрген замандардан да ертерек қоныстанғаны байқалып тұр.

Өз мақаласында Р.Л.Карлсон солтүстік шығыс Азия мен Американың солтүстік батыс жағалауынан табылған тастан жасалған бұйымдарды, атап айтқанда, микропластиндерді салыстыра зерттей келіп, екі құрлықтың да байырғы тас өңдеу дәстүрлері бір-біріне өте ұқсас болып келетініне көз жеткізеді. Сонымен қатар, Карлсон екі құрлықта қалыптасқан байырғы мәдени қарым-қатынастарды Американың белгілі бір географиялық аймағымен, атап айтқанда, сол құрлықтың солтүстік батыс жағалауын жайлаған негізгі лингвистикалық топтардың мекендерімен ғана шектейді.

Азиядан Америкаға адамның қоныстануы немесе екі құрлықтың арасындағы мәдени байланыстар жөнінде сөз болғанда Ф.М.Хоблердің Британия Колумбиясы жерінен ашқан байырғы адам тұрақтары жөніндегі аталмыш жинаққа енген ғылыми мақаласын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Ғалымның пайымдауынша, Британия Колумбиясы жағалауларына адамдар микропластиндер пайда болған кезден де ертерек келген.

Осыдан аз ғана уақыт бұрын Тынық мұхит бассейнінде орналасқан аралдарда көне дәуірде қалыптасқан мәдени үрдістер туралы ғылыми әлем еміс-еміс білетін. Бірақ кейінгі он жылдықта Жапон аралдары мен Сахалинде палеолит дәуірінде өмірге келген байырғы ескерткіштер көптеп ашыла бастады. Тек қазірдің өзінде ғана Жапония территориясынан плейстоцен дәуірінің соңы мен голоцен дәуірінің бастапқы кезеңіне тән 1000-ға тарта адам тұрақтары белгілі болып отыр.

Олардың кейбірінің жасы 60 мың

жылға дейін барып қалады. Сонымен, Жапон, Сахалин және Алеут аралдарынан табылған, адам қолымен өңделген көне бұйымдар бұл аралдардың кезінде Азия мен Американың арасын жалғастырған айрықша мәдени көпір болғанын аңғартады.

Америкалық антрополог К.Г.Тернердің мақаласы моңғолтекстестердің Тынық мұхит аймағында қоныстануы жөнінде өте бағалы мәлімет береді. Одонтологиялық, яғни тіспен байланысты зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып, ғалым моңғолтекстестерді екі топқа бөледі. Бірінші топқа немесе сундадонтиялықтарға ол дземон дәуіріндегі Микронезия, Полинезия және Жапонияны мекен етушілерді жатқыза, екінші топқа, яғни синодонтиялықтарға сібірліктер мен америкалықтарды және дземон дәуірінен кейінгі жапондықтарды жатқызады. Тернердің пайымдауынша, Америка жағындағы протоалеуттер мен эскимостардың арғы тегі Азияда, атап айтқанда, Амур бойы мен Охот теңізіне жақын аймақтарды мекен еткен. Оның ойынша, алғаш рет адамдар Азиядан Америкаға шамамен 40000 жыл бұрын келіп қоныстанған.

Сонымен, жоғарыда аталған ғылыми еңбектерді сараптап келе, Азиядан Америкаға адам баласының қоныс аударуы дүркін-дүркін болғандығын, яғни бірінші рет – 40-35 мың жыл бұрын, екінші рет – 28-25 мың жыл бұрын және үшінші рет - 14-10 мың жыл бұрын келіп қоныстанғанын аңғаруға болады. Демек, америкалықтардың о баста Азиядан келгені дау туғызбайтын шындық десек, артық айтқандық болмайды. Өйткені археология ғылымының табыстары осыны толық дәлелдейді.

Негізгі бөлім

Америка материктеріне адамдардың ең алғашқы қоныстануы туралы және олардың антропологиялық тегі мен ерекшеліктері жөнінде ғылымда осы уақытқа дейін қалыптасып қалған пікірлердің бастау көзінде есімдері әлемге әйгілі және аталмыш мәселеге қатысты аса құнды айғақтар жинауға зор үлес қосқан, оларды сараптап, ғылыми жұртшылыққа таныстырған үш ғалымның басқалардан озық тұрғандығын ерекше атаған жөн.

Олардың бірі және үшеуінің ішінен зерттеу жұмыстарын ертерек бастаған Алеш Хрдличка болатын. Ол ұзақ жылдар бойы бірнеше арнайы экспедицияларға қатысып, соның нәтижесінде өте мол антропометриялық материалдар жинағанды. Сонымен қатар А.Хрдличка Америка Құрама Штаттарының әр түрлі тарихи

мұражайларында жинақталған аса ірі әрі бай краниологиялық коллекциялармен де жете танысып, сол материалдардың ішінен арнайы да тұрақты көрмеге қойылған, Америка материктерін бағзы замандарда мекен еткен жергілікті халық өкілдерінің бас сүйектерін де қоса зерттеген болатын. Аталмыш мұражайларда жинақталған әлгі коллекциялар бойынша, ғалымның өз қолымен құрастырған каталогтары бұл күнде байырғы америкалықтардың краниологиялық ерекшеліктері туралы толық мағлұмат беретін бірден-бір ақпарат көзіне айналып отыр [Hrdlicka 1924, 1927, 1928, 1930, 1940, 1942, 1944]. Есімі ерекше аталуға тиісті екінші ғалым — чукшалар мен азиялық эскимостардың соматологиялық ерекшеліктерін ең алғаш рет зерттеген Г.Ф.Дебец. Бұл орыс ғалымы жоғарыда аты аталған А.Хрдличка секілді Аляска аймағындағы «үндістер» мен эскимостардың краниологиялық ерекшеліктерімен қатар ғылымға Сібірді мекендеген байырғы халықтардың аталмыш ерекшеліктері туралы да өте маңызды мағлұматтар енгізді [Дебец 1951].

Үшінші ғалымның есімі - М.Г.Левин. Ол дағы, ең алғашқылардың бірі болып, антропология ғылымының осы замандағы әдістемелік талаптарына сәйкес, чукшалар мен азиялық байырғы эскимостардың бас сүйектерін зерттеп, оларға тән ерекшеліктерді жан-жақты сипаттап берді [Левин 1949]. Ғалымның өзі жинаған бай материалдарының негізінде жазылған терең мазмұнды теориялық еңбектері Азияның қиыр шығысын мекендейтін халықтардың этногенезі туралы мағлұматтардың шеңберін барынша кеңейте түседі [Этническая антропология... 1958]. Левиннің ғылымға қосқан тағы бір үлкен үлесі - Азияның қиыр шығысын мекендейтін чукша, эскимос, ламут секілді халықтардың қан топтарын бірінші болып зерттеп, жинақталған нақты материалдар негізінде олардың тарихы мен этнологиясы жөнінде өте бағалы еңбек жариялағандығы [Группы крови у чукчей и эскимосов 1958; Новые материалы по группам крови у эскимосов и ламутов 1959]. Жоғарыда аталған А.Хрдличка америкалық «үндістердің» арғы тегін тікелей Азия монголоидтарынан, яғни моңғолтекес халықтарынан таратады. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін А.Хрдличка ғылыми мақсатпен Совет Одағында болып, Сібірдің байырғы халықтарының краниологиялық ерекшеліктерін зерттеді. Соның нәтижесіне сүйеніп, сібірліктер мен Солтүстік Америка «үндістерінің» арасында морфологиялық ұқсастық бар деген батыл тұжырым жасаған болатын [Hrdlicka 1942]. Бірақ ол соңғылардың алдыңғылардан өзгешелеу екеніне, атап айтқанда, азиялық моңғолтекестер мен америкалық моңғолтекестердің бір-бірінен соматологиялық және морфологиялық тұрғыдан айтарлықтай алшақтықтары бар екеніне, демек, дараланатынына жете мән бермеді. Мұның басты себебі А.Хрдличканың өз тұжырымының дұрыстығына қалтқысыз сенгендігінде жатқан сияқты. Дәлірек айтқанда, ол классикалық моңғолтекестердің арғы тегі немесе түбірі Солтүстік Азиядан екеніне тигтей де күмәнданбаған болатын, сондықтан да Америкаға Азиядан алғаш қоныс аударғандардың азиялықтардан басқа болуы мүмкін емес деп батыл пайымдаған [Hrdlicka 1942]. Ғылыми әдебиеттерде американоидтар мен байырғы азиялық моңғолтекестердің ұқсастығы жөнінде және Америкаға алғаш рет адам баласының Сібірден келіп қоныстағаны туралы жоғарыда аталған ғылыми гипотеза өте кең тараған және оны жақтаушылар мен қостаушылар да жеткілікті. Солардың ең белсенділерінің бірі академик А.П.Окладников [Окладников, Василевский 1976] болатын. Кейінгі кезде бұл топқа Американың белгілі антропологы әрі археологы, алеут халқының мәдениеті мен өткен тарихын терең зерттеп, салықалы еңбек жазған, айтулы ғалым У.Лафлин де қосылды. Тіпті оның бір мақаласы «Американы алғаш

мекендеушілер сібірліктер болған» деп басталады.

Аталмыш гипотезаның тарихи, мәдени, археологиялық және этнологиялық негіздерін терең зерттегендердің бірі орыс ғалымы А.М.Золотарев еді [Золотарев 1937]. Ол өз жұмысында эскимостардың басқаларға ұқсамайтын ерекше мәдениетінің әлгі халықтың тұрақты мекені — Азия мен Американың аса қатал арктикалық табиғатына икемделу барысында қалыптасқанын өте нақты айғақтармен дәлелдейді. Мәселен, климаты өте суық әрі шаруашылыққа өте қолайсыз арктикалық аймақта күнелту кит, морж сияқты ірі теңіз жануарларын аулаумен тікелей байланысты және соған тәуелді екенін, олай болмаған жағдайда әлгі қатыгез ортада өмір сүрудің де мүлде мүмкін емес екенін айта келіп, ғалым аңшылықтың мұндай қиын да қауіпті түрін игерудің қиямет-қайым екеніне назар аударады. Демек, климаты қатал Арктика эскимостарды басқа халықтардың өркениетіне мүлде ұқсамайтын ерекше мәдениет қалыптастыруға да, қоршаған ортаға барынша икемделуге де мәжбүр еткен. Сөйтіп, қатыгез табиғат олардың шеберліктерін шегіне жеткізе шыңдап қана қоймай, аңшылықтың соншалықты ауыр түрін игеруге де, оған қажетті кәсіби құрал-жабдықтар өндіруге де итермелеген.

Эскимостардың антропологиялық әлпетін ғалым М.Г.Левин зерттеген [Левин 1949]. Бұл мәселені ол Сібір моңғолтекестерінің краниологиялық ерекшеліктерімен шендестіре, салыстыра қарастырған. Зерттеу жұмысының нәтижесінде ол эскимостар мен Сібірдің байырғы халқының арасында айтарлықтай морфологиялық ұқсастықтар бар екенін дәлелдеп берді. М.Г.Левин жасаған ғылыми тұжырымды кейін Г.Ф.Дебец те толық құптады [Дебец 1951]. Демек, жоғарыда келтірілген ғылыми айғақтарды негізге ала отырып, осы замандағы Америка материгінің қиыр солтүстігін мекендейтін эскимостардың арғы тегі Азиядан тараған деп, тағы да батыл тұжырым жасауға болады.

Ғылыми әдебиеттерде байырғы америкалықтардың арғы тегінің Азиядан шыққандығын дәлелдейтін басқа айғақтар да кездеседі [Thomas 1994; Альберто 1986]. Солардың бірі — генетикалық айғақ. Мәселен, генетика ғылымының негізін қалаушылардың бірі, Американың атақты биологы Томас Хант Морган (1866-1945) эксперимент арқылы тұқым қуалаушылықтың хромосомдарындағы дезоксирибонуклейн қышқылының (ДНК) молекулаларын зерттей келе, әлгілердің келешек ұрпақ үшін шешуші фактор екенін дәлелдейтін ерекше қасиетін ашқан. Мәселен, табиғаттағы кез келген тірі организм өзінің келешек ұрпағына қажетті ішкі және сыртқы сипаттарды, дәлірек айтқанда, олардың құрылысы, дамуы және айрықша белгілеріне қатысты барлық биологиялық қасиеттерді ДНК арқылы толық сақтап, оларды жаңадан қалыптасатын клеткаларға, демек, келешек ұрпаққа бұлжытпай көшіріп отыратын аса маңызды қызметін айқындаған.

Осы теорияны басшылыққа алған ғалымдар қазіргі заманда өмір сүріп отырған, Американың әр түрлі географиялық аймақтарын мекендейтін «үндістердің» хромосомдарындағы ДНК молекулаларын салыстыра зерттей келе, олардың генетикалық ұқсастықтары мен алшақтықтарын дәл анықтап, соның негізінде, сынақтан немесе зерттеуден өткен «үндіс» топтары түгелдей, генетика тұрғысынан, шамамен осыдан бұрынғы 15000 жылдан 30000 жылға дейінгі заманда өмір сүрген бір ғана ортақ тектен тараған деген тұжырымға табан тірейді.

Кейбір микробиологтардың пікірінше, тіпті Америка «үндістерінің» 95 пайызы Мүз дәуірінің соңын ала Беринг жермойнағы арқылы Азиядан алғаш өткен шағын топтан тараған.

Дәл осындай тағы бір генетикалық айғақ Американың солтүстік

жағалауын мекен ететін эскимос, алеут және на-дене халықтарының да арғы тегі бір екеніне және олар Азиядан Америкаға шамамен 7500 жыл бұрын өткен деген болжамға сілтейді.

Американың Аризона университетінде қызмет жасайтын физикалық антропология саласының профессоры Кристи Тернер ашқан ғылыми жаңалық та ерекше назар аударуды қажет етеді. Ғалым қазіргі «үндістер» мен байырғы америкалықтардың тістерін Солтүстік Азияны мекендейтін халықтардың тістерімен (түбірлерімен қоса) салыстыра зерттеу барысында олардың арасында айтарлықтай ұқсастық бар деген тұжырымға келеді. Сонымен қатар К.Тернер Азиядан Америкаға қоныс аударғандардың алдыңғы толқыны Мүз дәуірінің соңында келіп қоныстанса, олардың соңын ала тағы да дүркін-дүркін екі топ келіп қоныстанған деген пікір айтады.

Стэнфорд университетінің лингвист ғалымы Джозеф Гринберг қарама-қайшылығы мол және бір болжам ұсынған болатын. Ол Америкадағы барлық «үндіс» тілдерінің сөздік қорын зерттей келе, солардан алынған айғақтарға сүйенсе отырып, «үндістердің» арғы тектері Жаңа әлемге Азиядан бір емес, бірнеше дүркін, дәлірек айтқанда, үш дүркін қоныс аударған деген жоғарыда айтылған пікірмен толық келісетінін, эскимос, алеут және на-денеліктердің басқалардан гөрі кейінірек келіп қоныстанғанын, яғни ең соңғы толқынға жататынын айтады. Гринбергтің тілдік айғақтардың негізінде жасаған пайымдауынша, о бастағы үлкен «америнд» тілінде сөйлейтін алғашқы америкалықтар Азиядан шамамен 12000 жыл бұрын келіп қоныстанған.

Кейіннен олар Солтүстік Американың көпшілік аймағына, содан соң Орталық және Оңтүстік Америкаға тараған. Гринбергтің ойынша, Американың барлық аймағында қазіргі кезде қолданылып немесе сөйленіп жүрген әр түрлі «үндіс» тілдері түгелдей о бастағы ортақ жалғыз тілден тараған.

Байырғы Американың таңқаларлық тағы бір үлкен құпиясы «үндістердің» әлмисақтан бері қолдан тұрғызып келген алуан түрлі қорғандарымен тікелей байланысты. Сан ғасырлар бұрын дүниеден өткен, арғы тегі Азиядағы Алтайдан келіп қоныстанған, байырғы «үндістердің» көздеріндей болып қалған ескі қорғандар, бүгінде, әсіресе Солтүстік Америкада, дәлірек айтқанда, Америка Құрама Штаттарының шығыс өңірлерінде өте жиі кездеседі. Қорғандардың аса көп шоғырланған аймағы Миссисипи мен оған келіп құятын ұзынды-қысқалы тармақтардың бойлары және осы ұлы өзеннен шығысқа қарай созылып жатқан үлкен орманды алқапты қамтиды. Тарихи деректерге қарағанда, осыдан 200 жыл бұрын ғана Солтүстік шығыс Американың орманды өңірлері байырғы америкалықтардың он мыңдап саналатын алып қорғандарына толы болған. Сансыз көптігі мен көлемділігі және ерекше бейнелілігі оларды көргендердің ешқайсысын жайбарақат қалдырмағаны байқалады [Squier, Edwin 1973].

1942 жылыға дейін Солтүстік шығыс Америкадағы қорғандар шоғыры солтүстіктегі Ұлы көлдерден басталып, оңтүстіктегі Мексика шығанағына дейін, сол сияқты батыстағы Ұлы Ойпаттың шығыс жақ бөлігінен бастап, шығыстағы Аппалач тауларына дейінгі аралықты тұтас қамтыған және олар аталған аймақта 4000 жыл бойы үздіксіз салынып келген. Сосын осыдан екі-ақ ғасыр бұрын ағылшын колонистері иелік еткен жерлердің сырт жағында орналасқан қорғандардың бәрі дерлік бәз қалпында аман сақталған. Себебі 1800 жылыға дейін ағылшын тілді колонистер қоныстанған жерлер, негізінен, Аппалач тауларының шығысындағы Атлант мұхитының жағалаулармен ғана шектелген. Ал кейінірек Еуропадан қоныс аударушылардың саны көбейіп, олар енді

Аппалач тауларынан асып түсіп, батысқа қарай тез жылжыған сайын қорғандардың саны да күрт кеми бастаған. Өйткені колонистердің соңғы толқындары жаңа жерлерге ие болып, оларды жаппай өңдеуге кіріскен кезде, әлгі жерлерде бағзы заманнан бері тұрған «үндіс» қорғандарын да қоса тегістеп жіберген. Ал ХХ ғасырда әлгі қорғандарды тек еуроамерикалық фермерлер ғана емес, сонымен қатар олардың ішін кеулей үңгіп, асыл тастар мен бағалы бұйымдар іздеген қызыл көз мүттәймдер де тіміскілеп, сосын сол жерлердің үстімен өтетін үлкен жолдарды салған құрылысшылар да өз үлестерін қосып, қорғандарды бұльдозермен тегістеп, байырғы америкалықтардың ескі өркениет көздерін жермен-жексен етіп жойып жіберген. Өйтсе де, азды-көпті қорғандар байырғы қалпында сақталып, бүгінге дейін аман-есен жеткен.

Тарихи деректерге қарағанда, Еуропадан қоныс аударған колонистердің ішінен некен-саяқ болса да қорғандардың сырын білуге тырысқандар ұшырасады. Бірақ Еуропадан тыс жерде мұндай мәдениет ошақтары болады деген түсінік еуроцентристік көзқарастағы еуроамерикалықтардың үш ұйықтаса түсіне де кірмеген. Сондықтан колонистер әлгіндей алып қорғандарды тұрғызған «үндістер» деген пікірге өте сенімсіздікпен қараған. Себебі еуроцентристік көзқарасты берік ұстанған еуроамерикалықтар «үндістердің» қабілеті оңдай алып құрылыстар салуға жетуі мүмкін емес деген мүлде жаңсақ пікірде болған. Соның салдарынан олар қорғандарды тұрғызған немесе салғандар кезінде христиандардың қасиетті кітабы - Тауратта - жазылғандай, Палестинадан қуылған он тайпа еврей халқының өкілдері болуы мүмкін, немесе жиангер викингтер, немесе он алтыншы ғасырдағы испандықтар болуы ықтимал деген сияқты алыпқашпа пікірлер таратқан. Ал ХХ ғасырда «үндістердің» қорғандарын тіпті ғарыштан келген басқа планеталықтардың іс-әрекеті деушілер де табылған. Бірақ бұл болжамдардың бірде-бірі шындықпен жанаспайды, өйткені олардың ғылыми негіздері де, дәлелді айғақтары да жоқ.

Археологиялық айғақтар мен кейінгі ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері қорғандар шоғырланған жерлерде кезінде «үндістердің» өте тығыз орналасқандығынан хабардар етеді. Мәселен, 1983 жылы Генри Ф.Добинс жариялаған деректерге қарағанда, қорғандар жиі орналасқан аймақтағы халықтың саны кезінде 18 миллионнан кем болмаған [Dobyns 1983]. Басқа ғалымдардың келтірген мағлұматтары да осыған жуықтайды [Thornton 1987].

Археологтардың пікірінше, жоғарыда аталған миллиондаған халықтың басым көпшілігі Солтүстік шығыс Америкадағы қорғанды алқаптардың маңайына шоғырланған. Сонымен қатар әлгі ірі елді мекендер сол кездердегі қоғамның саяси-экономикалық және сауда-саттық орталықтарының қызметін де қоса атқарған. Бұл пікірдің тұрастығына шек келтіруге болмайды. Өйткені археологиялық қазба жұмыстары кезінде әлгі қорғандардан табылған алуан түрлі бұйымдар, атап айтқанда, батыстағы Жартасты таулардан жеткізілген пышақ тәріздес өткір жүзді құралдар, Миссисипи өзенінің солтүстік жағынан өндірілген түрлі-түсті бояулар, Флорида маңындағы теңіз жәндіктерінің қабыршақтарынан жасалған бұйымдар, Ұлы Көлдердің маңайында өндірілген мыстан істелген заттар, Огайо өзенінің бойында жасалған су жүргізу үшін қолданылатын қуыс тас құбырлар, Аппалач тауларынан өндірілген слюда, тағы да толып жатқан басқа бұйымдар жоғарыда айтылған пікірдің бұлтартпас дәлелі деуге әбден болады [Shaffer 1992].

Америка қорғандарын арнайы зерттеген америкалық ғалым Л.Н.Шаффер олардың салынған немесе пайда болған заманын үш дәуірге бөледі. Бірінші дәуірде, шамамен біздің заманға



Жылан - қорған



Таңбалы ғибадатханадағы майя жазулары



Майя космосы бейнесі

дейінгі 1500-700 жылдар арасында қорғандар тұрғызу Миссисипи өзенінің төменгі алқабы мен соған жақын жатқан өңірлермен шектелген. Археологтардың пайымдауынша, ол кездегі ең үлкен қорғандар шоғыры Миссисипидің батыс жағалауында, қазіргі Луизиана штатының солтүстік шығыс бөлігінде орын тепкен. Археологтар бұл орынды Поверти Поинт деп атайды. Екінші дәуір — Орманды немесе Адена-Хоупвелл дәуірі. Бұл біздің заманымыздан бұрынғы 500-жылдар мен біздің заманымыздың 400-жылдар арасын қамтиды. Ең маңызды қорғандар осы дәуірде Огайо өзені мен оған келіп құятын басқа тармақтардың бойында тұрғызылған және осы арадан Шығыс орманды алқаптарына тараған. Қорған тұрғызудың үшінші дәуірі біздің заманымыздың 700-1700 жылдар арасын қамтиды. Археологтар бұл кезеңді Миссисипи дәуірі деп атайды. Өйткені бұл кезде Миссисипи өзенінің бойында, қазіргі Иллиноис штатының Шығыс Санкт-Луис қаласына жақын жердегі Кахокия деп аталатын ең алып қорғандар шоғыры дүниеге келеді. Біздің заманымыздың 900-1200-жылдары арасында бұл қорғандар шоғырына тең келетін басқа қорғандар Солтүстік шығыс Америкада болмаған. Бұл дәуірден кейінгі замандарда да қорған тұрғызу толастамаған, бірақ, көлемі жағынан соңғылар алдыңғылардан әлдеқайда кішірек болған. Сосын, жоғарыда атап өткендей, қорғандардың сипаты мен үлгісі алуан түрлі болған. Сонда қалай? Бір-біріне ұқсамайтын қорғандар не үшін тұрғызылған? Олар қандай мақсатқа бола салынған? Әрине, бұл сұрақтарға үзілді-кесілді немесе бір жақты жауап беруге болмайды. Өйткені оларды зерттеген ғалымдардың қол жеткізген нәтижелері қорғандардың әр түрлі мақсатқа бола тұрғызылғанын айғақтайды. Мәселен, биіктігі әр түрлі, дөңгелек немесе эллипс үлгісінде салынған кейбір қорғандар қайтыс болған адамдарды жерлеу үшін тұрғызылған зираттар екені байқалады. Мұндай қорғандарды байырғы Америка өркениетін терең зерттеушілердің бірі, белгілі ғалым Милослав Стингл Америка Құрама Штаттарының Солтүстік Каролина, Вирджиния, Кентукки және басқа да штаттарынан кездестіргенін атап көрсетеді [Стингл 1984]. М.Стингл келтірген басқа деректерге қарағанда, кейбір қорғандардың қызметі мүлде бөлек болған. Мысалы, 1925 жылы Джорджия штатындағы Этов қаласының маңынан археолог Уоррен Мурхид ашқан топырақтан үйілген бір топ қорғандар «үндістердің» құдайға сиынатын қасиетті орындары екені анықталды. Себебі әлгі қорғандардың төбесіне байырғы америкалықтар ағаш храмдар мен ғибадатханалар тұрғызған. М.Стингл суреттеген қорғандардың енді бір түрі топырақтан көп баспалдақты пирамидалар үлгісінде салынған. Мысалы, жоғарыда аталған Миссисипи бойындағы Кахокия қорғаны осы үлгімен тұрғызылған. Солтүстік Америкадағы «үндістер» салған ең алып құрылыс болып саналатын бұл қорғанның табанының ұзындығы мен ені 350x210 метрге, ал биіктігі 30 метрге тең.

Солтүстік шығыс Америкада, дәлірек айтқанда, Америка Құрама Штаттарының Висконсин, Огайо штаттарында қорғандардың жоғарыда аталған үлгілеріне мүлде ұқсамайтын тағы бір ерекше түрі кездеседі. Топырақтан тұрғызылған бұл алып қорғандардың сыртқы бейнесі белгілі бір жануарлардың кейпінен айнамайды, бірақ олардың көлемі әлгі жануарлардың табиғи болмысынан мыңдаған есе үлкен болып келеді. М.Стинглдің келтірген деректеріне қарағанда, Огайо штатындағы екі қорған жылан бейнесінен айнамайды және олардың бірінің ұзындығы 300 метрге теңеледі. Бұл жылан-қорғанның «денесі» бірнеше жерден иіле ирелеңдеп, құйрық ұшы шеңберше шиырылып барып бітеді. Сол сияқты Висконсин штатындағы ұзындығы 60 метр болатын бір қорған Америка аллигаторын елестетсе, Оңтүстік Дакотадағы және бір ірі қорған тасбақадан айнамайды. Ал Висконсиндегі Крауфорд қаласының маңынан осыдан 100 жыл бұрын ашылған алты қорған түгелдей биікте қанаттарын жайып, самғай ұшып бара жатқан алып құстардың бейнесін елестетеді.

Мұндай қорғандарды тұрғызған «үндістердің» байырғы отаны қазіргі Висконсин штатының орналасқан аумағы десе де болады. Өйткені бейнелі қорғандар өте-мөте осы штат орналасқан жерде жиі ұшырасады. Бейнелі қорғандарды арнайы зерттеген ғалым Ч.Рау өз диссертациясында олар туралы жан-жақты мағлұмат береді. Ол келтірген нақты деректерге қарағанда, 24 қорған

құстарды, 11 қорған бұғыны, 16 қорған үй қоянын, 20 қорған аюды бейнелейді. Висконсин штатынан Ч.Рау бас-аяғы 483 бейнелі қорған бар екенін мәлімдеген [Rowe 1956].

Байырғы америкалықтар бұл сияқты бейнелі қорғандарды жайдан жай немесе еріккеннен салмағаны айтпаса да түсінікті. Олардың ең басты себебін ғалымдар байырғы америкалықтардың наным-сенімдерінен, атап айтқанда, олардың тотемдік нанымдарынан іздейді және әлгі қорғандардың бәрі де «үндістердің» пір тұтқан тотемдік тектерін бейнелейді деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырымның қисыны бар. Онымен толық келісуге болады. Себебі тотемизм — әлемде өте кең таралған наным. Оған көп елдің ғалымдары жете назар аударып, арнайы зерттеген. Соның нәтижесінде, бұлтартпайтын шынайы айғақтарға сүйене отырып, нақты ғылыми тұжырымдар жасаған. Арнайы еңбектер жазған. Солардың ішінен Эдуард Тэйлор, Зигмунд Фрейд, Джон Мак-Леннан, Эндрю Ланг, Джеймс Фрэзер, С.Рейнах, В.Вундт, С.П.Толстов, Д.Е.Хайтун, Н.А.Алексеев, Л.Расоний секілді ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының алатын орны ерекше екенін атап өткен жөн.

Ал тотемизмнің америкалық «үндістердің» наным-сенімдерінің ішінде алатын орны өте ерекше. Тіпті бұл күнде халықаралық терминге айналып, бүкіл әлем тілдерінің көпшілігіне еніп кеткен «тотем», «тотемизм» деген ұғымдардың да түп төркіні «үндістердің» тілінде жатыр. Мәселен, оджибве «үндістерінің» тілінде «тотем» деген сөз «тек» деген ұғымды білдіреді. Мұның мәнісі мынада. Солтүстік Америкадағы алгонкин «үндістерінің» (бұл топқа оджибвелер де кіреді) тайпалары өздерінің арғы тектерін аю, қасқыр, тасбақа, бұғы, қоян немесе т.б. жануарлардың бірінен таратып, әр тайпа өз тегінің, яғни тотемдік жануардың атын сол тайпаның төл атауы ретінде пайдаланады. Сонымен қатар әлгі тайпалардың әрбір мүшесі де жаңағы тотемдік атауды өзінің төл есімі ретінде қолданады.

Тотемдік жануарларды адамдардың арғы тегі деп тану, яғни тотемизм тек Америка «үндістерімен» ғана шектелмейді. Мұндай наным кезінде Африка, Австралия және Азия материктерін мекендеген халықтардың көпшілігіне де тән екені — ғылымда белгілі жай. Мысалы, Африкадағы бечуан тайпалары өздерін «бакуена» (крокодил), «батлапи» (балық), «балаунга» (арыстан) немесе «баморар» (жабайы жүзім) секілді тотемдік есімдермен атаған. Сол сияқты Индияның таулы аймақтарын мекендейтін ороан және мунд тайпалары да «жылан балық», «қаршыға», «сұңқар», «көкқұтан» т.б. жануарлар мен құстарды өздерінің тотемі, яғни тегі санаған және оларды өлтіруге немесе етін жеуге қатаң тыйым салатын болған.

Белгілі ғалым Зигмунд Фрейдтің жасаған қорытындыларына қарағанда, Австралияның байырғы тайпаларының өмірінде де тотемизмнің алатын орны ерекше болған. Мәселен, австралиялықтарға тән басты ерекшелік - белгілі бір тайпаның тотемі сол тайпаның ата-тегі болып саналуымен қатар әлгі тайпа мүшелерін қорғап-қоршап жүретін киелі күш иесі болып та есептелген. Сонымен қатар тайпа мүшелеріне өз тотемін өлтіруге, оның етін тамаққа пайдалануға, әрі ортақ бір тотемге жататын ер адамдар мен әйелдерге жақындасуға немесе қан араластыруға аса қатты тыйым салынатын болған. Бұл тыйым қатаң сақталып отырған, себебі оны бұзғандар табан астында тотемнің кәріне шалдығатынына немесе өз-өзінен мерт болатынына ешбір күмәнданбаған.

Ғылыми деректерге сүйене отырып сараптама жасасақ, арғы

тегі Америкаға Азиядағы Алтайдан ауып келген «үндістердің» тотемдік наным-сенімдері мен оған қатысты тыйымдары Азия халықтарының, оның ішінде түркі халықтарына тән тотемдер мен тыйымдарға қатты ұқсайтындығын байқамау мүмкін емес. Мәселен, Л.Расоний түркі халықтарының тотемдік нанымдары жөнінде ең алғаш құнды пікір айтқан, бүкіл әлемге аты кеңінен танымал ғалым Рашид-ад-диннен (1247-1318) өте құнды деректер келтіреді. Әлгі деректер бойынша, ол кездерде түріктер, оның ішінде төрт-төрттен алты топқа бөлінетін 24 оғыз тайпасының әр тобы, «қаршыға», «бүркіт», «сары бүркіт», «сұңқар», «ителгі», «лашын» секілді «онғандардың» (демек, ол кездерде түріктердің тілінде «тотем» деген ұғымды білдіретін «онған» деген арнайы терминнің болғаны байқалады), яғни тотемдердің бірінің атымен аталып, құт-береке әкелетін әлгі тотемдерді аулауға қатаң тыйым салатын болған. Л.Расоний сонымен қатар XI ғасырда қырғыздардың да кейбір рулары «сиыр», «жел», «сұңқар», «сауысқан» болып аталып келгенін, ал түріктер өздерінің арғы тегін бөріден тарайды деп сенетіндіктен байрақтарына бөрінің, яғни тотемдерінің бас бейнесін салатындығын және сол заманда жиі кездесетін Көкбөрі, Бозғұрт, Үкі, Жылан, Аю, Тұрымтай, Аққус, Бидай, Арпа секілді кісі есімдерінің де әлгі тотемдік нанымдармен тікелей байланысты қойылғанын сөз етеді.

Мұндай мысалдарды кез келген түркі халқының рухани мәдениетінен кездестіруге болады. Бірақ бұл арада олардың бәрін жіпке тізіп жатпай-ақ, тотемдік нанымдардың жоғарыда аталған түркі халықтарымен қатар түркімендерге де, өзбектер мен қарақалпақтарға да, алтайлықтар мен тувалықтарға да, тіпті сонау Азияның қиыр солтүстік шығысында, Солтүстік Америка материгіне біршама таяу жатқан якут-сахаларға да ортақ құбылыс екенін айтсақ та жеткілікті [Хуршудян, Муқанова 1999]. Сондықтан бұл тақырыпты осыменен доғара тұрып, әңгіме желісін енді сөзіміздің негізгі арқауы болып отырған қорғандарға қайта бұрайық.

Қорғандар демекші, дәл осы жерде оларға қатысты және бір мәселенің, дәлірек айтқанда, «Қорғандар тек Америка «үндістерінің» төл мәдениетіне ғана тән құбылыс па, жоқ әлде олар «үндістерге» басқа өркениеттерден ауысқан мұра ма?» деген екіұшты сұрақтың басын ашып алған жөн сияқты. Бірден кесіп айту керек, бұл мәселеге ғылымның қай тұрғысынан келмесек те, америкалық қорғандардың төркінін ең әуелі Азиядан іздеуге бағыт сілтейді. Себебі Азия, оның ішінде Алтай, біріншіден, байырғы замандарда Америкаға Берингия жермойнағы арқылы қоныс аударған алғашқы америкалықтардың («үндістердің») тарихи отаны. Екіншіден, қорғандар — әсіресе, Еуразияда кең таралған, тарихы өте терең мәдени құбылыс. Үшіншіден, Азиядан Америкаға ең алғаш қоныс аударғандар ол жаққа өздерінің салт басы мен сабау қамшысын ғана алып өтті десек, ақылға сия қоймас еді. Керісінше, жаңа қоныстарына алғашқы америкалықтар тілін де, салт-дәстүрін де, наным-сенімін де қоса алып өтті деуге толық негіз бар. Өйткені тіл, дәстүр, наным-сенім дегендердің бәрі де адаммен біте қайнасып, бірге жасайтын, одан мәңгі ажырамайтын, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын, аршып алып тастауға да болмайтын мәдени құндылықтар екені дау туғызбаса керек. Тағы да бір есте болатын нәрсе — қорғандардың Азияда, Еуразияда, оның ішінде, әсіресе түркі халықтары мекен еткен Сібірде, Қазақстанда өте жиі кездесетіндігі. Бұған дәлелді алыстан іздеудің қажеті жоқ. Мәселен, тек Қазақстан аумағында ғана XX ғасырда әлемдік мәнге ие болған қорғандардың ірі-ірі екі тобы ашылғандығын

айтсақ та жеткілікті. Олардың бірі — археолог К.Ақышев ашқан, ішінен «алтын адам» шыққан Алматы маңындағы Алатау етегінде орналасқан Есік қорғандары, ал екіншісі — археолог З.Самашев ашқан, ішінен екі бекзадамен (бірі - еркек, бірі - әйел) бірге алтын әбзелді он үш аттың сүйектері қоса табылған Алтайдағы Берел қорғандар шоғыры.

Есік қорғандары, шамамен, біздің заманымыздан бұрынғы бесінші-төртінші ғасырларда [Хуршудян, Муканова 1999] тұрғызылса, Алтайдағы қорғандардың жасын ғалымдар әзірше, шамамен, екі жарым мың жылға теңеп отыр. Бірақ ғылыми-зерттеу жұмыстары толық аяқталмағандықтан бұл мәліметтердің әлі де өзгеруі әбден ықтимал.

Қазақстан жеріндегі кейбір қорғандардың көлемі де адам таңқаларлық. Олардың ішінде көлемі жағынан Америка қорғандарынан еш кем түспейтін өте ірі қорғандар тобы да кездеседі. Мысалы, Батыс Қазақстан облысындағы, атап айтқанда, мұнайлы Қарашығанақ жеріндегі «Қырық оба» деп аталатын қорғандар шоғыры — осы айтқанның бұлтартпас дәлелі. Әлгілердің ішінде, әсіресе, «патшалар қорғаны» деп аталатын үш үлкен қорғанның алатын орны ерекше. Өйткені олардың ең ірісінің биіктігі 20 метрге жетсе, диаметрі 150 метрге теңеледі. Ал оған жапсарлас тұрған және екі қорғанның көлемі де таңдай қақтырады. Тіпті олардың бірінің ені 110 метрге дейін жетеді. Ғажап емес пе? Ғалымдардың айтысына қарағанда, мұндай ірі қорғандар шоғыры Еуразия кеңістігінің басқа жерлерінде кездесіп көрген емес.

Азия мен Америка қорғандарын салыстыра қарайтын болсақ, олар тек көлемі жағынан ғана емес, сонымен қатар сыртқы пішіні, атқаратын қызметі тұрғысынан да ұқсас келеді. Әрине кейбір айырмашылықтары да жоқ емес. Мәселен, жоғарыда біз америкалық «үндістердің» қорғандары төрт түрлі (дөңгелек, эллипс, пирамида, тотемдік жануарлар пішіндес) үлгіде және олардың әрқайсысының белгілі бір мақсатқа бола тұрғызылып келгендігіне тоқталған болатынбыз. Ал «Азиядағы қорғандар не үшін тұрғызылған және олар қандай үлгіде салынған?» деген мәселеге келсек, олар жөнінде де біраз мағлұмат беруге болады. Біріншіден, Азия қорғандарының ішінде де дөңгелек немесе эллипс үлгісіндегілер баршылық екені дау туғызбайды. Бірақ пирамида үлгісіндегі қорғандар мен тотемдік жануарлардың кейіпін қайталайтын бейнелі қорғандар ұшыраспайды. Ал қызметі жағына келсек, Азиядағы қорғандарды, негізінен, үш топқа бөлуге болады. Біріншісі — дүние салған адамдар жерленген орынның төбесіне үйілетін кәдімгі зираттағы қорғандар. Мұндай қорғандар кез келген елді мекеннің маңынан табылады, сондықтан оған басқа дәлел іздеудің ешбір қажеті жоқ. Екіншісі — сиынатын, тәу ететін, яғни ерекше культтік сипаты бар қорғандар. Мысалы, бағзы замандарда қыпшақтар ондай қорғандардың төбесіне тастан қашалған статуялар қоятын болған. Төмендегі жолдар осының дәлелі секілді. «Эти изваяния воздвигались в память умерших и являлись важнейшим атрибутом господствовавшего у кыпчаков культа предков. Поэтому ставить их могли только в местах, где появлялись постоянные кипчакские зимовища и прокладывались соединяющие отдельные кочевья степные дороги. Десятки тысяч статуй стоял на курганах и майданах, на перекрестках степных дорог и рек» [Хуршудян, Муканова 1999].

XIII ғасырда жиһангер сопы Гильом де Рубрук жазып кеткен мына бір жолдар да жоғарыда айтылғанға қосымша дәлел бола алады. «Команы (қыпшақтар — Ә.А.) насыпают большой холм над

усопшим и воздвигают ему статую, обращенную лицом к востоку и держащую у себя в руках перед пупком чашу» [Рубрук 1911].

Үшіншісі — шекаралық меже сипатындағы қорғандар. Ғылыми деректерге қарағанда, кезінде Дешті Қыпшақтың басқалармен шекарасы ығы да меже-қорғандар арқылы белгіленгені байқалады. Мысалы, бұл жөнінде Мурад Аджидің бір еңбегінен мына бір айғақты кездестіреміз: «На русском языке слово «курган» как пишет крупнейший топонимик Э.М.Мурзаев, прежде всего означало «граница», «межа». Почему? Потому что в первую очередь курганы отличали тюркские земли. За курганами начиналась чужая для русских земля... На крайнем юге страна тюрков доходила до Ирана, опять же и курганы тому свидетельство» [Аджи 1998]. [Путешествие в древность 1983].

Осы айтылғандарды қорықта келе, алғашқы америкалықтардың тек арғы тегі ғана емес, сонымен қатар олардың ғасырлар бойы тұрғызып келген қорғандарының сыры да Азиямен, Еуразиямен, Орта Азиямен де тікелей сабақтасып жатыр деген батыл тұжырым жасауға болады.

Алдын ала күтілгендей, Америка континенттеріне қоныс аудару барысында және ондағы өркениет ошақтарының дамуына еуразиялықтардың шешуші роль атқарғанын зерттеушілердің бәрі бірдей мойындай бермейді. Тіпті, XX ғасырдың басына дейін байырғы америкалықтардың арғы тегі жөнінде нақты ғылыми пайымдаулармен қатар ғылымға қатысы шамалы, алыпқашпа, ал кейде, тіпті, миға симайтын кереғар пікірлер де айтылып жүрген.

Американың Колумб сапарларынан соң басталған отарлану кезеңінде бұл құрлықтың байырғы халқы туралы «олар бұл жерді әлмисақтан бері мекен етпеген», «бұл құрлық олардың отаны емес», «Жаңа әлемге олар басқа жақтан ауып келген» сияқты алыпқашпа пікірлер де белең алған болатын. Тіпті, алғашқы отаршылар жергілікті халықтың арғы тегін христиандардың қасиетті кітабы Таураттың көмегімен анықтауға да тырысып баққан. Мәселен, XIX ғасырдың бірінші жартысында Бартолеме де Лас Касас есімді епископ «Америкаға үндістер қайдан келді?» деген сұрақтың жауабын тікелей Таураттан іздеген және оны әлгі кітаптан табатынына да күмәнданбаған сияқты. Өйткені Таураттың белгілі бір бетінде «Палестинаны жаулап алған соң, Израильден он тайпа халық қуылаған болатын» деген жолдардың кездесетінін аталмыш епископ жақсы білгенге ұқсайды. Көп ұзамай «үндістердің» арғы тегін еврейлерден тарататын, яғни жоғарыдағы әлжуаз гипотезаны қостайтын жүзге тарта жақтаушылар да табыла кеткен. XVI ғасырда әлгілердің қатарында Диого Дуран мен Гонсалес Фернандес де Овьедо, XVII ғасырда — Хуан де Торкемада, Грегорио Гарсия сияқты сәуегей ғалымдар да жамырай үн қосқан. Ал олардың ішінен өте-мөте белсенділік танытқан 1650 жылы Амстердам қаласында жарық көрген және ондаған тілдерге аударылып басылған «Америкалықтардың шығу тегі» атты белгілі еңбектің авторы Менас ибн Израиль есімді раввин болатын [Стингл 1984].

XVIII ғасыр христиандық Еуропаның еврейлерді аяусыз қуғындалған шағы болғандықтан, жазықсыз халық қуғын-сүргінге жиі-жиі ұшырап, тоз-тоз болып, бас сауғалап кеткен. Дәл сондай кезде, аталмыш раввин «суға кеткен тал қармайды» дегендей, Таураттағы Израильден қуылған он тайпа еврейді Жаңа Әлемнен іздеп, тіпті өзі жазған кітаптың бір тарауына «Міне, Израильдің үміті» деген тақырып беріп, байырғы америкалықтардың арғы тегін еврейлерден тарата бастаған. Осы пікірді қолдаушылар тіпті

XIX ғасырда да жалғасын тауып жатты. Мысалы, солардың бірі - ағылшын лорды Кингсборо болған. Ол жиған-терген бар қаражатын түгелдей сарп етіп, XIX ғасырдың ортасындағы байырғы Мексика «үндістерінің» қолжазбаларын жинақтап, көлемді-көлемді бірнеше кітап бастырып шығарады. Ондағы Кингсбороның басты мақсаты — Мексиканы мекен еткен ацтек, майя, т.с.с. «үндістердің» бәрі дерлік тікелей Израильден қуылған он тайпадан тараған ұрпақтар екенін дәлелдеу болған. Бірақ лордтың үміті ақталмай қалады. Баспадан шығарған әлгі кітаптары өтпей, оған жұмсаған 32000 фунт стерлинг ақшасы түгелдей күйіп кетеді. «Жығылғанға жұдырық» демекші, аталмыш кітаптарға жұмсалған қағаздың иесі қарызын өтемегені үшін оны Дублин түрмесіне қаматып тастайды. Бейшара болған Кингсборо сол жерде безгек ауруына шалдығып, көп ұзамай жан тапсырады. Сонымен, о дүниеге аттанған Кингсборомен бірге америкалық «үндістердің» арғы тегін еврейлерден тарататын жасанды гипотеза да тарих архивіне жол тартады. Өйткені бұл болжамның ешбір қисыны да, ғылыми негізі де жоқ болатын.

Милослав Стингл келтірген деректерге қарағанда, XVII ғасырда америкалық «үндістердің» арғы тегі жөнінде жоғарыда аталған пікірлермен қоса шындыққа мүлде жанаспайтын басқа пікірлердің де қатар жүргенін байқауға болады. Мысалы, Латвияда болып қайтқан Эңрико Мартинес атты бір испандық Рига қаласының маңында тұратын адамдардың, шамасы каранимдер болуы керек, «үндістерге» өте қатты ұқсайтындығын көлденең тартып, соның негізінде «үндістер» Латвиядан тараған деген тұжырым жасайды. Енді біреулер «үндістерді» байырғы теңіз жиһангерлері болып саналатын финикиліктердің ұрпақтары десе, қайсы біреулер оларды татарларға теліген. «Үндістердің» арғы тегін Рим әскерлері талқандаған Карфагеннен қашып шыққан босқындардан таратушылар да кездескен. Тіпті оларды байырғы шумерлерден, малайлықтардан, Африка берберлерінен, мысырлықтардан немесе Молук аралдарын мекендеушілерден тарататындар да ұшырасқан. Ал ұлты ағылшын, аты шулы теңіз қарақшысы Уолтер Рэли болса, инка «үндістерінің» көсемі Манко Капакты, тіпті, британдық корсар деп бөсіпті.

XIX ғасырдың сексенінші жылдары америкалық «үндістердің» арғы тегі жөнінде және бір жаңа теория пайда болады. Бұл теорияның авторы Флорентино Амегино есімді Аргентинаның белгілі палеонтологы еді. Ғалымның пайымдауынша, жер шарының әр түкпірін мекен ететін адамзат баласы о бастан-ақ бір тектен тарамаған, керісінше олар бір-біріне байланыссыз-ақ әр жерде өз бетімен пайда болған, яғни әлемде полигенизм ошақтары орын алған-мыс. Амегиноның ойынша, ондай ошақтар жер бетінде сегіз болған. Демек, бұл теория негізге алынатын болса, «үндістер» басқа жақтан ауып келмеген, керісінше, Америка материктерінің өзінде жаратылған болып шығады. Амегино ұсынған жоғарыдағы теорияны белсене жақтаушылардың бірі, әйгілі чех саяхатшысы Альберто Войтех Брич құлашын Амегинодан да алысқа сермепті. Ол тіпті «үндістер» ғана емес, бүкіл адам баласы мен сүтқоректі жануарлар да о баста Оңтүстік Америкада, дәлірек айтқанда, Патагонияда пайда болып, одан Африкаға, одан Азия арқылы Солтүстік Америкаға бастапқы қалпынан мүлде өзгеріп, қайта оралған деп батыл тұжырым жасайды. Ол бұл тұжырымды 1907 жылы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу кезінде жер қойнауынан өзі тапқан «байырғы адамның» қаңқа сүйегіне негіздеп айтқан болатын. Алайда, жаңағы археологиялық материалдарды ғалымдар тереңірек зерттеген кезде, оның байырғы адам емес, маңдай

сүйегі қазіргі заман адамының маңдай сүйегіне қатты ұқсайтын жыртқыш аң екені анықталады. Сөйтіп, соңғы теория да іс жүзінде дәлелденбей, бұға айналып, жайына қалады.

XX ғасырда ғалымдар байырғы америкалықтардың арғы тегін Еуропадан, Африкадан немесе Таяу Шығыстан іздеуді тоқтатады. Енді олардың тегін Азия, Австралия, Антарктида сияқты материктер мен соларға таяу жатқан мұхиттардағы аралдардан іздеу қолға алына бастайды. Соның нәтижесінде тағы да жаңа болжамдар мен соны тұжырымдарға жол ашылады. Сондай болжамдардың бірін португалдық антрополог Мендес Корреа ұсынған болатын. Ғалымның пайымдауынша, америкалық «үндістердің» арғы тектері о баста Австралиядан қоныс аударған және олар теңіз арқылы емес, Американың оңтүстік қиыр шетіндегі Отты Жерге Тасмания және антарктикалық аралдар тізбегі арқылы келіп жеткен. Бірақ ол болжамның да ешбір қисыны жоқ. Өйткені олай деуге екі себеп бар. Біріншіден, адам баласының ондай шексіз алыс сапар шегуіне Антарктиканың қатыгез климаты мүмкіндік бере қоймағаны айдан анық. Екіншіден, әлгі болжамды дәлелдейтін бірде-бір археологиялық айғақ күні бүгінге дейін табылмай отыр.

Өйткенмен, бірен-саран болса да бұл болжамды қолдаушылар мен қостаушылар да табыла кеткен. Солардың бірі Франция ғалымы Поль Риве болатын [Rivet 1926]. Поль Риве малай-полинезиялық кейбір тайпалар мен Оңтүстік Америкадағы Патагония және Отты Жер аймақтарын мекен ететін чон «үндістерінің» этнографиясы мен сөздік қорларын зерттей келе, әлгілердің арасында белгілі бір жақындық бар деген қорытындыға келеді. Мұндай тұжырым жасамас бұрын, П.Риве алдымен, жоғарыда атап өткендей, малай-полинезиялық тайпалар мен америкалық «үндістерді» этнографиялық тұрғыдан салыстыра келе, оларды жақындастыратын мына бір ұғымдарға назар аударды:

- 1) гамак (аспалы төсек);
- 2) аспалы көпір;
- 3) қару ретінде алыстан лақтыратын тақтайша;
- 4) үрме трубка;
- 5) балшықтан жасалған оқпен ататын садақ;
- 6) олжалыққа алынған адамның бас сүйегі;
- 7) Пана сыбызғысы;
- 8) дабыл соғу үшін қолданылатын жарғақ барабан;
- 9) сазды үн шығаратын садақ;
- 10) труба тәріздес ұлу;
- 11) ағаш қабығынан жасалатын ішімдік — тапу;
- 12) тіс қашау немесе қосымша тіс салу;
- 13) қаралы сәтте саусақ кесу;
- 14) бас сүйекті тесіп ем жасау;
- 15) ағаш басына баспана салу;
- 16) ойлы-қырлы жерді текшелеп өңдеу тәсілі;
- 17) ұлу — ақша;
- 18) адамды мас қылатын ішімдік жасау кезінде ашығу процесін тездететін дән мен тамырды шайнап ұнтақтау;
- 19) тоқу станогы;
- 20) бумеранг

т.с.с. Бұдан әрі П.Риве лингвистикалық материалдарды, атап айтқанда, малай, полинезия тілдері мен Америкадағы Калифорния, Мексика жерін мекендейтін хока тобына жататын «үндістердің» тілдерінің арасындағы жақындықты көлденең тартады. Бас-аяғы америкалық хока тобына кіретін 38, меланезиялық 263, полинезиялық 37, микронезиялық 10, индонезиялық (малайлық) 187 тілдің сөздік қорынан қотарып алынған лингвистикалық материал тізбегі келтіріледі. Бірақ, өкінішке орай, осыншама материалдың молдығына қарамастан, ғылыми тұрғыдан ешбір лингвистикалық сараптама жасалмаған. Сөздер тізбек-тізбегімен беріледі де, негізгі француз сөздері алфавит тәртібімен орналастырылады. Жұмыстың соңында әлгі тілдерде кездесетін кейбір ұқсас сөздердің негізінде П.Риве мынандай тұжырым жасайды: америкалық «үндістердің» тектік құрамында төрт халықтың, атап айтқанда, австралиялықтардың, малай-полинезиялықтардың, азиялықтардың және эскимстардың үлестері бар.

Алайда, жоғарыда аталған Меңдес Корреа секілді Польш Ривенің пікірін де ғалымдардың көпшілігі қолдамайды, себебі америкалық «үндістердің» арғы тегінің Азиядан шыққандығын дәлелдейтін археологиялық айғақтар мен лингвистикалық айғақтар П.Риве келтірген дәлелдерден әлдеқайда басым жатыр. Мысалы, «үндіс» тілдері мен солтүстік шығыс Азия халықтарының тілдеріндегі ұқсастықтар жөнінде терең зерттеу жұмыстарын жүргізген америкалық ғалым Эдуард Сэпирдің [Sapir E. Language, 1921] келтірген айғақтары жоғарыда айтылған П.Ривенің пікірін толықтай жоққа шығарады.

Жоғарыда аталған әр түрлі тұжырымдар мен болжамдарды сараптай келе, америкалық «үндістердің» арғы тегінің басқа жақтан емес, тек қана Азиядан қоныс аударғандығы дау турғызбайтын шындық деуге толық негіз бар. Өйткені бұл тұжырымда дәлелсіз құрғақ пайымдаулардан гөрі ғылымның ең соңғы жетістіктері мен әдістемелік талаптарына сәйкес келетін соматологиялық, морфологиялық, краниологиялық, генетикалық, антропологиялық, геологиялық, археологиялық және лингвистикалық зерттеу жұмыстарының салықалы нәтижелері мен салмақты дәлелдері жатыр.

Сонымен, “сайысқа” түскен сан-алуан болжамдардың ішінен ғылыми негізі терең, дәйектілігі салмақты азиялық көзқарас басымдыққа ие болып, жеңіп шықты. Бірақ бұл басқа гипотезалар мүлде қате немесе түкке тұрғысыз деген ұғымды білдірмейді. Керісінше, өзге пайымдар, пікірлер немесе болжамдар мен көзқарастардың да алатын орны ерекше. Олай болмаған жағдайда мәселені жан-жақты талқылау мүмкін болмас еді. Әрі шындыққа да көз жеткізу оңай болмас еді. Ғылыми талқы, әдетте, шындыққа жол ашады. Сосын, қабылданбаған болжамдардың ішіндегі идеялардың бәрі бірдей қате деуге болмайды. Олардың да кейбірі тартымды және нанымды айғақтарға негізделген. Олар назардан тыс қалған жоқ, қайта жеңіп шыққан көзқарасты байыта түскеніне дау жоқ. Мәселен, сондай балама болжамдардың ішінде ерекше көзге түсетін бірегейі - Джеймс Черчвардтың гипотезасы. Оны басқалардан ерекше етіп тұрған басты себеп - оның нағыз балама тарихқа қатысты екендігі.

Ағылшын полковнигі Черчвард 1886-жылы Индияда әскери қызметте жүргенде бір индуc дін қызметшісімен достасады. Әлгі индуc оған жүздеген жылдар бойы ғибадатхананың бір қуысында сақтаулы жатқан тасқа басылған ескі жазулардың (“накаль жазулары”) сырын ашуға көмектеседі. Байырғы жазулар ұмыт болған өркениет жайлы сыр шертеді. Әлгі өркениет өте ерте заманда Тынық Мұхиттағы материкте пайда болып, гүлденеді де, соңыра алапат апаттан соң өзінен көп бұрын өмір сүрген Атлантиданың тағдырын қайталап, су түбіне кетеді.

Джеймс Черчвард қалған ғұмырын ғайып болған әлгі өркениеттен аман қалған белгілерді іздеуге арнайды. Индиядан соң ол Бирмада, Оңтүстік теңіздерінің аралдарында, Австралияда, сосын, әрине, Америка континенттерінде, Аляскада, Аризонада және Мексикада болады. Сонымен қатар ол майялардың тарихымен, геологиямен, ескі діндермен, археологиямен, физикамен, тіл білімімен т.с.с. айналысады. Сөйте келе, біздің әлемнің балама тарихын жазады [Черчвард 1997].

Бүкіләлемдік балама тарихта Америкаға да орын берілген. Оны сипаттай отырып, Черчвард бұл континенттерде адамдар қай кезде пайда болған, олар қайдан келген деген сұрақтарды айналып өте алмайды, әрине. Полковник әлгі сауалдарға мүддірместен:

“Америкаға адамдар Му деген ел мен оның колонияларынан келген”, - деп, тіке жауап қайтарады. Бірақ география мамандары мен тарихшыларға беймәлім бұл қандай ел болуы мүмкін? Ал Черчвард болса, ол елді “адамзаттың байырғы отаны” дейді.

Ғалымның топшылауына, әлгі континент солтүстіктегі Гавай аралдарынан басталып, мұхиттың оңтүстік жағалауына дейін созылып жатқан. Оның оңтүстік шекарасы Пасха мен Фиджи аралдарын жалғастыратын сызықпен шектелген. Му елінің территориясы батыстан шығысқа 5000 мильге, ал солтүстіктен оңтүстікке 3000 мильге созылып жатқан. Континент тар бұғаздар мен теңіздер жалғастыратын үш үлкен жеке құрылықтардан тұрған. Му елінің халқы бір-бірінен ерекшеленетін 10 тайпадан тұратын 64 миллион адамды құраған. Басым көпшілігі ақ нәсілді, қалғандары сары, қоңыр және қара түсті болған.

Му елі адамзат өркениетінің орталығы мен отаны болған. Бірақ дамудың шарықтау шегіне жеткен кезде, аяқ астынан алапат апат болып, жер сілкінісі мен вулкандардың атылуы қатар келген. Отқа оранған Му елін таудай толқындар жайпап, континент құрып кеткен.

Джеймс Черчвардтың пайымдауына, Му елінің гүлдену тарихы мен құрдымға кетуі жоғарыда аталған “накаль таблицаларында” жазылып қалған. Му елінің тарихта болғанын растайтын байырғы жазуларды көптеп табуға болады. Мәселен, олар Британия музейінде сақтаулы тұрған классикалық үнді эпосы “Рамаанда” немесе “Троан қолжазбасында” кездеседі. Байырғы майялардың Юкатанда жарық көрген бұл кітабы – “Му елі” туралы баян. Тағы бір дерек көзі – “Кортес кодексі”. Бұл кітаптың жарық көрген кезі де “Троан қолжазбасымен” тұспа-тұс келеді. Бұлармен қоса “Лхаса жылнамасы”, сол сияқты Мысыр, Грекия, Орталық Америка жән Мексикадан табылған жүздеген құжаттармен қатар АҚШ-тың батыс штаттарындғы жартастарда да жазулар қалған. Сақталып қалған ғибадатхана ғимараттарының қалдықтарында көрініс тапқан дизайн мен декоративтік символдар да құрдымға кеткен Му елінен хабар береді.

Черчвардтың пайымдауына, Оңтүстік теңіздерінің кейбір аралдарында, атап айтқанда, Пасха, Мангаиада, Тонгатапуда, Понапеде және Мариан аралдарында Му дәуірінен хабар беретін тастан тұрғызылған байырғы ғибадатханалар мен қираған ғимараттардың үйінділері кездеседі. Мәселен, Юкатандағы Ушмаль қаласында жартылай қираған ғибадатхананың қабырғасына “Біздер келген батыстағы жерлерге арналады” деген ескерткіш жазу тамғаланған. Ал Мехико қаласының оңтүстік батысындағы көркем пирамида қабырғаларына көрік беріп тұрған жазуларға қарағанда, әлгі пирамида да ұмыт болған “батыстағы жерлерге” бағышталған ескерткіш екені байқалады.

Черчвард Мысырда, Бирмада, Индияда, Жапонияда, Қытайда, Оңтүстік теңіз аралдарында, Орталық және Оңтүстік Америкада, сол сияқты солтүстік Американың “үндіс” тайпаларында және басқа да байырғы өркениет орталықтарында табылған кейбір көне символдар мен аңыздардың соншама ұқсастығына назар аударып, әлгі мәліметтер тек бір ғана дерек көзінен, яғни Му елінен тамыр алған болуы керек деген пайымға иек артады.

Жоғарыда аталған құжаттар мен олардағы Му елі туралы деректер шыныменен-ақ кездесетін сияқты. Бірақ қазіргі ғылым (демек, қазіргі көпшілік білетін әлем тарихы) із-тозсыз жоғалып кеткен әлгі континентті мойындамайды. Сондықтан оған орын тек балама тарихтан беріледі. Басын ашып айту керек, әлгі тарихты зерттеген немесе “жасаған” жалғыз Джеймс Черчвард



Саркофагқа алып баратын баспалдақтар

емес. “Му” деген атауды айналымға алғаш рет Брассер де Бурбур деген ғалым майя жазуларының сырын ашатын балама кілт ретінде кіргізген болатын. Себебі “Троан қолжазбасынан” ол Му елін жойып жіберген жойқын вулкан туралы оқыпты. Майя жұмбағын зерттеген Огюст Ле Планжо дейтін және бір белгілі ғалым да майя қолжазбаларында Му елінің жойылып кеткені туралы мәліметтің шын мәнінде бар екенін растаған. Юкатандағы көміліп қалған байырғы қалаларды аршып алуға алғаш кіріскендердің бірі ретінде ол майя жазулары мен Египет иероглифтерінің арасындағы байланысты табуға тырысқан. Ле Планжо адамзаттың байырғы отаны Му елі екені туралы гипотезаны жан-тәнімен қолдаған. Бірақ Му елін ол... Атлантида деп пайымдаған.

Сонымен, Джеймс Черчвардтың балама тарихы бойынша, Америкада адамдар қалай пайда болған деген сұрақтың жауабы оп-оңай шешіле салады. Мұнда алғаш келгендер, әрине, сол опат болған Му континентінен қоныс аударғандар болып шығады. Сосын, ол адамдар ол маңға апаттан бұрын келген. Бұл “қай кезде орын алған?” деген сұраққа да Черчвард қиналмай жауап береді. Оның есебі бойынша, Майя патшалығы Му елінің Орталық Америкадағы колонияларының бірі болған әрі ол патшалық әлгі заманнан 35000 жыл бұрын өмір сүрген. Демек, Му өркениетінің пайда болуы әлдеқайда бұрын орын алған. “Адамзаттың байырғы отаны” болған Му елінің гүлденген шағы, ең кем дегенде, 50000 жыл бұрын, ал құрдымға кетуі, шамамен, 12000 жыл бұрын орын алған.

Адамдардың Солтүстік Америкада қашан пайда болғаны туралы сөз қозғайтын болсақ, бұл жөнінде нақты айғақтар жоқтың қасы деуге болады. Бірақ хоупи, зунья және пуэбло “үндістерінің” ескі аңыздарында олардың Америкаға қайықпен батыс жақтан келіп жеткені туралы айтылады. Ендеше, олардың Жаңа Әлемге келген кезін жанама айғақтарға сүйене отырып, осыдан 12500 жыл бұрын орын алған деп топшылауға болады. Демек, пуэбло “үндістері” тікелей Му елінен келген болса, онда олардың Америка материгінде өмір сүріп келе жатқанына 12000 жылдан кем болмауы тиіс [Черчвард 1997].

Черчвард өзі ұсынған әрбір болжамды өз пайдасына шешу үшін, кейде тым артық кетіп, негізгі тұжырымдарын дүдәмал айғақтармен дәлелдеуге тырысқан. Соның бір мысалы мынау. Оның ойынша, Юкатан жарты аралының солтүстігіне қоныстанып, келе-келе көбейіп, бүкіл Мексика мен Орталық Америкаға тараған халықтардың бәрі де моңғолтекестер болған. Олар онда Азиядан келмегенде қайдан келеді? Бірақ Черчвард үшін “азиялық” версия тым “ескі әрі қарабайыр” секілді болып көрінеді. Сондықтан моңғолтекестер Америкаға Му елінен келіп қоныстанған деп шорт кеседі. Бірақ әлгі елге о баста олар... Азиядан келген деп топшылайды.

Адамзаттың Тынық мұхитта “байырғы отаны” болғаны жайлы және оның бағзы заманда опат болғанының бұлтартпайтын дәлелдері жоқ. Черчвард ондай айғақтар келтірмейді. Оның зерттеу тақырыбының өзегі, шынымен де адамзат тарихына дейінгі заман мен дәуірде өмір сүріп, құрдымға кеткен Му елі сияқты. Бірақ ғалым келтірген айғақтардың бүгінгі “үндістердің” тарихи тамырына ешбір қатысы жоқ. Екіншіден, “Му гипотезасындағы” адамдардың Жаңа Әлемде пайда болу хронологиясы жоғарыда сөз болған алғашқы қоныстану “тізбектері” немесе “толқындарымен” біршама үйлеседі.

Алайда Черчвардтың ең ғажап әрі оқырманды бей-жай қалтырмайтын тұсы — оның лингвистикалық пайымдары. Олардың кейбіреуін нағыз мәдени феномен деуге болады.

Американың Аризона штаты Джеймс Черчвардтың аса ден қойған аймағы болатын. Полковниктің пайымдауынша, бұл штат - Му елінен қоныс аударған байырғы адамдар қалдырған іздерге толы мекен болып есептеледі. Ал осы жолдардың авторы - өзім де Аризонаға Черчвардтан соң жүзден аса жыл кейін ат басын тіреп, Аризонаның археологтар үшін, оның ішінде тек классикалық археология өкілдері емес, лингвистикалық археологиямен айналысатын ғалымдар үшін де таптырмайтын алқап екеніне көз жеткізіп қайтқанымды жасырмаймын. Сол жерде жүргізген жан-жақты зерттеу жұмысымның нәтижесі жергілікті “үндістердің” тілдері мен әлемге тарап кеткен түркі тілдерінің арасында белгілі

бір ұқсастықтардың бар екенін дәйекті дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Өмірде жиі болып жататыны сияқты, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары бұл саладағы зерттеу жұмыстарымды бастап кетуге кездейсоқ жағдай себеп болды. Ол кезде Алматыдағы Қазақ педагогикалық шетел тілдері институтының оқу істері жөніндегі проректоры болатынмын. Қазір бұл оқу орны Абылай хан атындағы Қазақтың халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті болып аталады. Американың Аризона штатына қарасты Тусон қаласы Еліміздің бұрынғы астанасы Алматымен бауырласып, өз қаламыздың мәрі мені Тусонға уәкіл етіп жіберген болатын. Тусондықтардың шын ықыласымен жіберген шақыруын қуана қабылдап, қасыма ағылшын тілін жетілдіруге іріктеп алған он шақты студентке бас болып Америкаға аттанып кеттім. Онда келісімен студенттер Аризона университетіне тіркеліп, оқуларын бастап кетті. Ал мен болсам, әлгі оқу орнында алғаш рет қазақ тілінен сабақ бере бастадым. Апталық жүктеме - сегіз сағат. Қалған уақытымды университеттің қоры өте бай кітапханасында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысыма бағыштадым.

Қазақ тілінен менен дәріс алған американдық топтың дені студенттер мен жас мұғалімдер болатын. Бірақ олармен бірге сабаққа алпыс сегіз жасар Диссауэр деген азамат та қатысып жүрді. Ол арғы тегі неміс бизнесменнің отбасында дүниеге келіпті. Балалық шағын рентген аппаратын сатумен айналысатын әкесімен бірге көп жыл бойы Түркияда – Стамбулда өткізгендіктен түрік тілін емін-еркін меңгеріп алыпты. Қазақ тілінің түркі тобына кіретінін білетіндіктен, ола менің сабақтарыма қызығушылық танытып, әдейі қатысып жүргенін жасырмады. Сабақтан кейін менімен сұқпат құрып, түркі тобына жататын басқа тілдер туралы айтып беруімді өтіңді. “Ондай тілдер баршылық. Мәселен, олардың қатарына қазақ тілінен басқа түрік, әзербайжан, түрікмен, өзбек, башқұрт, татар, алтай, құмық, қарачай-балқар, тува, саха, хакас, шор және гагауз сияқты, бас-аяғы қырыққа тарта тілдер жатады,” - деймін мен оған.

Сіз Қазақстанның қай жерінде тудыңыз?

Еліміздің Алматы облысының оңтүстік шығысындағы әйгілі Хантәңірі шыңының етегінде дүниеге келіпмін.

Онда сіз тауларды ұнататын болдыңыз ғой!

Дәл солай.

Олай болса, Тусон - өзіңіз көріп тұрғандай, жан-жағын таулар қоршап тұрған қала. Ол кезінде шалқып жатқан, бірақ кейін тартылып қалған көлдің орнында тұр. “Үндістердің” тілінде бұл “Шук сон”, яғни “Қара көл” немесе “қара су” деген ұғымды білдіреді.

Өңгіме соңында Диссауэр маған тау аралап қайтуға ұсыныс жасады. Мен бірден келісе кеттім. Сонымен, Диссауэрдің көлігіне отырып алып, тауға бет алдық. Кенеттен менің көзіме, жол бойындағы белгілердің бірі болуы керек, “Baba Toak” деген сөз тіркесі оттай басылды. Бұл таудың аты болар деген ой сап ете қалды. Өйткені әлгі тіркес Түрікменстандағы Небит-даг немесе Қырымдағы Карадаг, Аюдаг ия болмаса Қазақстандағы Алатау, Қаратау сынды топонимдерге ұқсас болып көрінді. Көлікті тоқтатып, әлгі сөз тіркесін суретке басып алдым да Диссауэрден оның мағынасын сұрадым. “Бақа тау,” - дейді ол маған. Түйсігім алдамаған болды ғой деп, жерден жеті қоян тапқандай қуандым.

Зерттеу жұмысым осылайша кенеттен басталды. Келесі күні ертемен кітапханаға жетіп, жергілікті топонимдерді іздестіруге кірістім. Іздеген жоғым бірден табылды. Жергілікті “үндіс” тілдерінің бірінен doag, thoag (тау) немесе tonk (дөң) деген сөздерді кездестірдім. Аризонада аяғы тауға бітетін он шақты топонимдік сөз тіркестері бар екені анықталды.

Алтын шыққан жерді белден қаз демекші, мен енді басқа “үндіс” тілдерінің сөздіктерін ақтарып, олардың түркі тілдерімен байланысын зерттеуге бел байладым. Бұл маған қиындық туғызған жоқ. Өйткені кандидаттық және докторлық диссертацияларым қазақ және түркі тілдеріндегі табу мен эвфемиздерді басқа тілдердегі осы құбылыстармен шендестіре зерттеуге арналғандықтан, салыстырмалы лингвистика маған жақсы таныс болатын. Мәселен, түркі халықтарының тыйымдары бір-біріне өте ұқсас болып келеді. Дәл сондай ұқсастықтарды Америкалық “үндістерінің” мәдени-әлеуметтік құндылықтарынан да табуға болады. Мысалы, екі жақтағы қасқыр мен аққуға байланысты тыйымдар өте ұқсас. Навахо “үндістерінің” мал санауға салатын тыйымдары да түркі халықтарының сондай тыйымдарынан аумайды. Осыған қарап, этномәдени және этнолингвистикалық тұрғыдан, америкалық “үндістердің” арғы тегі түркі емес пе екен деген болжамның туындағанын жасырмаймын. Өйткені ондай ұқсастықтар жайдан-жай болмайды ғой.

Шындығында да солай болып шықты. Табылған ұқсастықтар белгілі бір жүйелі сырдың барын аңғартты. Бұл мәселеге кезінде Диего Ланда есімді испандық миссионердің де назар аударғаны қосымша түрткі болды.

Табылған параллельдердің дұрыстығын түркі тілдеріндегі кейбір сан есімдер мен америкалық “үндістердің” юто-ацтек тобына жататын тарахумара және майя тілдеріндегі сан есімдердің ұқсастығы да қуаттай түсті. Бір, екі, үш деген сандар екі жаққа да ортақ болып шықты. Оның үстіне, әдетте, бірден онға дейінгі сан есімдер өзгеріске өте сирек ұшырайды әрі олар өте тұрақты келеді. Бұл заңдылық лингвистикада көптен белгілі. Сонымен қатар Америкада ең байырғы өркениеттердің бірін қалыптастырған майя тіліндегі кел және кет деген етістіктердің түркі тілдеріндегі баламаларының айтылуы ғана емес, жазылуы мен мағынасы жағынан да ұқсас болуы көп нәрсені аңғартты.

Майялармен қоса конкистадорлардың ацтектер мен инктердің де мәдениеттерін жойып жібергені белгілі. Қатыгез жау олардың қалаларын талқандап, қирамағанын өртеп, қалғанын жермен жексен еткен. Бірақ отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын бір ғаламат дүние бар. Ол – тіл. Сондықтан болар, майялардың байырғы өркениеті күйреп қалса да тілі өлмеген. Ол замандардан бері мыңдаған жылдар өтсе де, тіл әлі тірі! Оның диалектілері де сақталып қалған. Майя тілінде қазіргі кезде Жаңа Әлемнің бірнеше елдері сөйлейді. Бір айқын мысал мынау: Юкатан жарты аралында “Bakalar” деген көл бар. Испандық миссионер көрсеткен этимологиясы – кәдімгі біздің тілдегі бақалар. Морфологиялық тұрғыдан, бұл бақа деген түбір сөз бен лар деген көптік жалғаудан тұрады. Демек, әлгі көлдің бақалы болғаны ғой.

Немесе келесі мысалға назар аударайық. 1552-жылы жоғарыда аталған испандық миссионер қағазға түсірген Юкатан жарты аралындағы Таш иице, Тулум, Ялкау, Яшин, Яш чилан, Цибинче, Туле, Калак мул, Коба, Ак, Чама, Кок уин, Дауле, Исбор, Аймар, Усимасынта, немесе Оңтүстік Америкадағы Ир Уя, Тунга секілді майя топонимдеріне татар ғалымы М.Арибжанов та назар аударып, олардың түркі сөздері мен сөз тіркестеріне өте ұқсайтынын тілге тиек еткен [Арибжанов 1976; Каримуллин 1976]. Қазақ тілінің нормаларына сәйкестендірсек, жоғарыдағы майя топонимдері былайша сөйлер еді: Тас іші, Тұлым, Жалқау, Жасын, Жас жылан, Шыбыншы, Толы, Қалақ мол, Қоба, Ақ, Көк ойын, т.с.с. Ұқсастық көзге ұрып тұр. Мұны кездейсоқтық деп айту қиын. Керісінше, мұнда бір сыр-сандықтың тығулы жатқаны байқалады.

Демек, лингвистикалық археологияның негізгі мақсаты да осындай ұқсастықтар мен заңдылықтарды тарих қойнауынан “қазып алып”, зерттеп-зерделеп, бүгінгі күннің кәдесіне жарату дер едім. Меніңше, “лингвистикалық археология” деген терминнің еш оғаштығы жоқ. Керісінше, бұл термин салыстырмалы лингвистикаға ауадай қажет сияқты. Себебі дәуір өзгерген сайын тіл де өзгеріп отырады. Бұл - бұлжымайтын заңдылық. Қоғам дамыған сайын жаңа идеялар мен технологиялар, жаңа ұғымдар пайда болады. Ескі идеялар мен технологиялар айналымнан шығып, тарих қойнауына жол тартады. Соның салдарынан бір жағынан тілдің сөздік қоры неологизмдермен толығып отырса, екінші жағынан, ескірген ұғымдардың атаулары архаизмге айналып, қолданыстан шығып отырады. Мәселен, Шекспир заманынан бері төрт ғасырдан аса уақыт өтті. Ал қазіргі ағылшындар ұлы драматургтың өз заманында жазған дүниелерінің бәрін бірдей түсіне бермейді. Бұған таңданудың қажеті жоқ. Өйткені Шекспир заманындағы ағылшын тілі мен бүгінгі ағылшын тілінің арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Бұл айырмашылық екі замандағы ағылшын тілінің сөздік қорынан да, сөздік құрамынан да, грамматикалық, фонетикалық және морфологиялық заңдылықтарынан да айқын байқалады.

Ал Американың байырғы халықтарының, яғни жергілікті “үндістердің” тілдеріне байланысты айтатын болсақ, уақыт арақашықтығы мұнда ондаған мың жылдармен есептелетінін ұмытпаған жөн. Оның сыртында әлгі халықтардың тілдерінің де өте көп екенін, дәлірек айтқанда, екі мыңның үстіне шығып кететінін де ескерген жөн. Ендеше, осыдан 20-30 мың жыл бұрын Азиядан Америкаға қоныс аударған кез-келген этнос тілі өзінің бастапқы күйінен қаншалықты алыстап кететінін елестету қиынға соқпаса керек. Демек, өзінің байырғы отанынан мыңдаған жылдар бұрын Америкаға қоныс аударған жұрттың тілі мен бүгінгі Азиялықтардың тілдерінен ұқсастық іздеу бір тамшы сүтті теңізге тамызып, соның қаймағын іздеумен тең. Одан гөрі қазіргі “үндістердің” сөздіктерінен, аңыз-ертегілерінен немесе бұрынғы қалпын сақтап қалған жоғарыдағыдай топонимдерінен олардың түркілік Азиядан шыққандығын дәлелдейтін айғақтар іздеу, яғни лингвистикалық археологиямен шұғылдану әлдеқайда тиімді.

Ондай айғақтарды “қазып алу” мүмкіндігі де жеткілікті. Ол қандай мүмкіндіктер болуы мүмкін? Мысалы, логикалық болжам жасау мүмкіндігі. Меніңше, америкалық “үндіс” тілдерінің Азиядан тарағанын дәлелдейтін айғақтарды ең алдымен Беринг бұғазына тиіп тұрған Азия материгі мен Аляскадан іздестірсен ойда қонымды көрінеді. Егер ұқсастықтар бар болса, ең әуелі олар эскимостар мен оларға көршілес алеуттердің тілдерінен байқалуы тиіс. Қуанышқа орай, бәрі де біз болжағандай болып шықты. Мәселен, Д.Х.Вебстер мен В.Зибелл және С.А.Якобсон құрастырған эскимос тілінің сөздіктерінен айтылуы жағынан да, мағынасы жағынан да түркі тілдерінің көпшілігіне, оның ішінде қазақ тіліне де ортақ дәл сондай сөздермен [Hrdlicka 1942] сәйкес: ата — ата; әке; atiga — аттасым; атаага — атам; akkaga — ағам; аана — ана; аанага - әжем; aullaktuk — аулақтау; каяак — қайық; annun — аң; kirgavik — қырғи; tattirgak — тырна; annaak, akmak — шақпақ (тас); manpa — мына; erte — ерте; emuk — ему сияқты сөздерді кездестіреміз. Сонымен қатар ата, ана, қайық деген сөздер эскимос тілімен туыстас алеут тіліне де ортақ екені дәлелденіп отыр. Мұндай материалдар тек эскимос немесе алеут тілдерімен ғана шектелмейді. Тайға таңба басқандай бұлтартпас дәлелдерді басқа тілдерден де кездестіріп отырмыз. Мысалы, Америка Құрама Штаттарының оңтүстік батысындағы Аризона

күні бүгінге дейін мекен етіп келе жатқан ежелгі америкалық этностардың бірі — папаголар (папаго — бұршақ жейтін адамдар деген ұғымды білдіреді — Ә.А.). Америкалық «үндістердің» юто-ацтек тілдер тобына кіретін папаголықтар мақта деген ұғымды да, мақтадан тоқылған бұйымдарды да tokih, яғни тоқы деген сөз арқылы білдіреді. Сонымен қатар папаго — ағылшын сөздігіндегі doag, thoag (даг, тау), tonk (дөң), ba:b (баба, ата), ka: k (қақпас, әже), ali (әлди), salivi (шалбар) сияқты сөздердің түркі тілдеріндегі баламаларымен түбірлес әрі мағыналас екенін де жоққа шығару мүмкін емес.

Аризона штатындағы Алматымен бауырлас Тусон қаласының солтүстік жағында орналасқан таулардың бір сілемі Baba Toak, яғни Бақатау екеніне ондағы құрамында toak (тау) сөзі кездесетін байырғы америкалықтардан қалған жер атауларының жалпы саны онға тарта екеніне біз жоғарыда тоқталғанбыз. Олардың ішінде Shuak Toak (Қаратау), Ki-na Toak (Бурлытау) секілді жер атаулары да кездеседі.

Осы тұста басын ашып айта кететін бір мәселе, жоғарыда аталған юто-ацтек тілдер тобына папагодан бөлек және жиырмага тарта тілдер мен диалектілер, атап айтқанда, Аризонадағы пима, хоупи, Мексика жеріндегі ацтек, тарахумара, яки, майо, кора сияқты тілдер де кіреді.

Хоупи «үндістері» туралы арнайы еңбек жазған Фрэнк Ватерз хоупи тілінің юто-ацтек тілдер тобына жататынын, хоупилердің о баста Беринг бұғазы арқылы Американың оңтүстік батысындағы Аризона жеріне келіп қоныс тепкенін және олардың моңғолтекес екенін әрбір жаңа туған хоупи нәрестесінің жамбасында болатын «моңғол дағы» байқататынын сөз етеді [Dobyns 1983]. Фрэнк Ватерз бұл пікірді белгілі антрополог Гарольд Стерлинг Глэвдиннің «Азиядан шыққан адамдар» атты ғылыми еңбегіне сүйене отырып жазған [Thornton 1987].

Фрэнк Ватерз келтірген және бір-екі пікірге тоқталмай өту мүмкін емес. Ғалым ескі дәуірден осы заманға дейін жазылған жыланамалар мен тарихи мұрағаттарды ой елегінен өткізе отырып, былай дейді: «Азиядан Америкаға теңіз арқылы өту Викингтер мен Колумбтың Атлант мұхиты арқылы жасаған сапарларынан көп ғасырлар бұрын басталған. Бұл жөнінде қытай тілінде жазылған ең көне классикалық еңбектің аты - «Shan Khai King». Бұл кітап шамамен біздің заманымызға дейінгі 2250 жылдары жазылған. Сол еңбекте Ұлы шығыс теңізін кесіп өтіп, ар жақтағы 2000 мильге созылған құрлықта жасалған сапар суреттеледі. Көпке дейін ертегі мен аңызға баланып келген бұл еңбек осы күнгі Американың көз тартар жерлерінің, оның ішінде Ұлы нұрлы каньон және басқа жерлердің нақтылы географиялық сипаттамасы екені дәлелденіп отыр. Мұндағы «Ұлы шығыс теңізінің» Тынық мұхит екенін, 2000 мильге созылған құрлықтың қазіргі Солтүстік Америка, ал «Ұлы нұрлы каньонның» бұл күндегі Гранд Каньон екенін байқау қиын емес. Демек, бұдан шығатын қорытынды — қытай жиыангерлері Америка материгін біздің заманымыздан 2250 жыл бұрын ашқан. Ендеше, Америка Азия әлеміне Колумбтан 3742 жыл бұрын белгілі болған десек, асырып айтқандық болмайды.

Мән бермеуге болмайтын Ф.Ватерз келтірген екінші дерек те таңдандырмай қоймайды. Ол былай. Бір ескі кітапта [Shaffer 1992] жазылған материал бойынша, біздің заманымыздың 668-1175 жылдары аралығында қазіргі Мексика орналасқан жерге лек-лек моңғолтекестер келіп қоныстанған. Олар Моңғолияның Толлан деген аймағынан келген. Ол аймақ Байкал көлі мен Толы өзенінің бойына жақын орналасқандықтан Анахуак (Су бойы) болып аталған. Теңізден өтіп келген соң әлгі моңғолтекестер жаңа



Ай пирамидасы



Майя күнтізбесі



Майя жазулары (иероглифтер)

мекендеріне өздерінің байырғы жер-су атауларын беріп, оларды да Толлан, Тула деп атай бастаған. Кейінірек ол өңір де су бойына жақын орналасқандықтан Анахуак болып аталып кеткен, себебі ол заманда қазіргі Мехико қаласы орналасқан жерде шалқар көл жатқан. Ал көлдің жағасын жайлаған халық өздерін нахуатлактар деп атаған және өздерінің о баста Ацтланнан келіп қоныстанғанын, жеті тайпаға бөлінетінін тарих қылып айтқан. Нахуа тілінде сөйлейтін халық өздерін нахуатлактар деумен қатар байырғы отаны Ацтланмен байланыстырып, ацтектер деп те атаған.

Дәл осы жерде басын ашып айта кететін бір мәселе бар. Ол - ағылшын немесе басқа Еуропа тілдерінде жазылған ғылыми әдебиетте кездесетін «монголоидтар», «монголтекестер» деген терминдерді тек монғолдармен ғана байланысты қолданылатын мағынасы шектеулі терминдер деп ұқпау қажеттігі. Біздің ойымызша, ол терминдердің мағыналық аясына Шығыс Азияны мекендейтін этностардың көпшілігі, оның ішінде түркі тектес этностар да сыйып кететінін ескерген жөн әрі бұл пікірдің негізсіз емес екенін нақты мысалдармен дәлелдеуге де болады.

Енді ацтектер жөніндегі сөзді қайта сабақтап, олардың о баста Америкаға Азиядан келіп орналасқаны рас болса, оны дәлелдейтін лингвистикалық материал бар ма, бар болса, олар қандай деген сияқты сұрақтардың жауабын іздеп көрелік. Осы мақсатпен Eliseo B. Aragon [Стингл 1984] және Rosario María Gutierrez [Rowe 1956] есімді ғалымдардың қолымен жазылған нахуа тілінің сөздіктерін зерттегенімізде құрамында түркі тілдерінің бәріне де ортақ тере (төбе) сөзі бар ацтектердің жүзден аса байырғы топонимдері мен олардың этимологиялық анықтамасын кездестірдік. Олардың кейбірі төмендегідей:

Бірінші кесте

Ichkatepek – Мақтатөбе	Kuauatepek – Бүркіттөбет
Xiutepek – Шөптөбе	Tetzontepек – Тастөбе
Xonakatepek – Пиязтөбе	Xochitepek – Гүл төбе
Xumiltepek – Қоңызтөбе	Mazatepek – Бұғытөбе
Moyotepek – Шыбынтөбе	Ocoxatepek – Құмтөбе

Мұндай топонимдер қазіргі Мексиканың оңтүстік жартысында орналасқан Веракруз, Мехико, Гуэрреро, Оахака және Чьяпас штаттарында өте жиі кездеседі. Американың үлкен атласынан бұл тайға таңба басқандай айқын көрініп тұр.

Ацтектердің Азиядан шыққандығының әрі оның түркі тектес халықтармен жақындығының тағы бір дәлелі ацтек деген этнонимнің этимологиясынан анық байқалады. Ғалым В.А.Никоновтың пікірінше, ацтек деген атау а(к)цтлан деген сөзден өрбіген. Ацтек тілінде ақ деген сөз «ақ», ал цилан деген сөз «жылан» деген ұғымдарды білдіреді.

Ацтектердің тілі сонымен қатар майя, кечуа тілдерімен де туыстас екені белгілі. Мұны кезінде Бернардо Феррарио [Ferrario 1938] дәлелдеген болатын. Түркі тілдері мен кейбір Америка «үндіс» тілдерінің жақындығы жөнінде ой қозғағандардың бірі де сол Бернардо Феррарио еді. 1935 жылы Рим қаласында өткен шығыстанушылардың он тоғызыншы халықаралық конгресінде жасаған баяндамасында кейбір морфологиялық, лексикалық және синтаксистік ұқсастықтарды негізге ала отырып, ол түркі тілдері мен кечуа тілінің арасында генетикалық жақындық бар деген соны пікірді ғылыми әлемнің алдына көлденең тартты [Ferrario 1938]. Кейінірек бұл пікірді Ж.Дюмезиль де қостады. Ол түркі тілдері мен кечуа тілін жақындастыратын дәлелдердің бірі ретінде екі жақта да префикстер мен жалғаулықтардың қолданылмайтынын тілге тиек етеді. Ж.Дюмезиль сонымен қатар кейбір фонетикалық және лексикалық ұқсастықтарға да мысал келтіре отырып, түркі тілдері мен кечуа тілінің арасындағы жақындықтың ең басты дәлелі ретінде бірден алтыға дейінгі сандардың мына ұқсастығын атайды:

Екінші кесте

Сандар	Кечуа тілінде	Көне түрікше	Чуваш тілінде
1	* phiwi	bir (bir)	пере, пер
2	iskau (iskau)	aki, iki	ике, ик
3	kimsa (kinsa)	uc (uc)	висе, вис
4	tawa	tort (tort)	тавата, тават
5	pisqa (pisqa, phisqa)	bas, bis	пилек
6	suqta, (suhta)	alti	улта, улт

Түркі тілдеріндегі кейбір сан есімдердің «үндіс» тілдеріндегі кейбір сан есімдермен ұқсас келетіндігі тек кечуа тілімен шектелмейді. Мұндай ұқсастықты біз юто-ацтек тобына жататын тарахумара тілінен де кездестірдік. Мәселен, тарахумара тіліндегі 1 және 2 сан есімдерінің түркі тілдеріндегі дәл сондай сан есімдерге өте ұқсас екенін байқамау мүмкін емес. Оның үстіне түркі тілдерінің барлығына ортақ бір және екі деген сандарға тарахумара тілінің біге, биле (біге-ті) және ока, оква [Путешествие в древность 1983] сандарының немесе майя тіліндегі 3 (osh) пен түркі тілдеріндегі 3 (үш) санының сәйкес [Rivet 1926] келуін кездейсоқтық деуге де негіз жоқ.

Америка «үндістерінің» ішінде жан-жақты дамыған бірегей жазу жүйесі тек майяларда ғана болған. Ғылымда бұл он алтыншы ғасырдан мәлім. Алайда одан бері төрт ғасыр өтсе де майя иероглифтерінің астрономия мен күнтізбелерге қатыстысы болмаса, басқасы бәз қалпында күні бүгінге дейін сыры ашылмаған жұмбақ күйінде мызғымай тұр. Осыдан мың жылдан астам уақыт бұрын ұлы майя өркениетінің тілі болған майя тілі мен оның диалектілері - бүгінде Мексика, Гватемала және Белиз мемлекеттерін мекен ететін бірнеше миллион «үндістердің» ана тілі. Тек Мексиканың өзінде ғана бұл тілде сөйлейтін «үндістердің» саны миллионға жуықтайды. Олардың ең көп шоғырланған жері - сол елдің оңтүстік шығысындағы Юкатан жарты аралы. Міне, сол Юкатанда 1562 жылы сапарда болған Диэго де Ланда есімді миссионердің қолжазбаларының орысша нұсқасын [Диэго де Ланда 1955] негізге ала отырып, татар ғалымы М.Арибжанов байырғы майя тілі мен түркі тілдерінің арасында генетикалық жақындық болуы керек деген болжам жасайды [Арибжанов 1976]. Алайда Диэго де Ландадан қалған қолжазбада жоғарыда аталған ежелгі топонимдердің не аудармасы, не этимологиясы берілмеген. Демек, М.Арибжановтың майя топонимдеріне байланысты жоғарыда айтқан болжамының қисыны болғанымен әзірге ғылыми тұрғыдан нақтылы дәлелі жоқ. Дегенмен, кезінде Диэго де Ланда испан тіліне, Ю.В.Кнорозов орыс тіліне аударған кейбір майя сөздері мен майя күнтізбесін түркі сөздерімен салыстыра отырып, майя тілі мен түркі тілдерінің арасында белгілі бір жақындық болған деген М.Арибжановтың пікірін мүлде жоққа шығаруға болмайды. Оған оның мақаласындағы мына екі кесте дәлел [Арибжанов 1976].

Үшінші кесте

Майя тілінде	Ланда аудармасы бойынша	Татарша бала-масы	Кнорозов бойынша аудармасы
кин	күн	кин (кен)	күн
кош	құс	кош	құс
ем ку	құдайдың төмен түсуі	ем ку	құдайдың төмен түсуі
ишла уль	раушан гүл	исле гуль	иісті гүл

Төртінші кесте

№	Айлардың майя тіліндегі атаулары	Зерттеушілер аудармасы	Айлардың татарша атаулары	Кнорозов аудармасы
1	Яш кин	жас күн	яш кин	жас күн
2	Моль	мол	мул	мол
3	Чен	құдық	чен	шын
4	Яш	жаңа	яш	жас
5	Сак	ақ	сак	сақ
6	Кех	бұғы	киек	бұғы киік
7	Мак	жабу (жаю)	?	?
8	Кан кин	сары күн	кан кин	қанды күн
9	Муан	бұлтты	?	?
10	Паш	барабан	?	?
11	Кайяб	көп	коеп	қую (нөсер)
12	Кумху	күн күркіреуі	кумгу	көкшілдену
13	Поп	өрме	?	?
14	Уо	бақа	оу	аң, балық аулау
15	Сип	(аң құдайының аты)	сип	сеп (себу)
16	Соц	жарқанат	соц (сос)	сүз (сүзу)
17	Цек	(мағынасы берілмеген)	цек	шешек
18	Шуль	соңы	шул	соңы

Майя тілі мен түркі тілдерінің арасындағы жақындықты А.Г.Каримуллин де құптайды [Каримуллин 1976]. Ол Ю.В.Кнорозовтың майя тілі жөнінде жазған монографиясынан [Кнорозов 1955], сол сияқты Диэго де Ланданың және басқа ғалымдардың еңбектерінен алынған майя, кечуа, сиу сөздері мен татар тілінің сөздерін салыстыра отырып, олардың арасында көптеген ұқсастық бар екенін дәлелдейтін төмендегідей мысалдар келтіреді:

Бесінші, алтыншы кестелер

Кнорозов тәржімелеген майя сөздерінің қазақшасы	Олардың татарша — қазақша мағыналары
Йаш — жасыл жаңа Кун — күн Ош — үш Ооч — ас Ич — ішінде Кулл — қол көтеру Чукул — ағаш жару Мол — мол, молшылық	Яшь — жас; яшел — жасыл Көн — күн Өч - үш Аш — ас; тағам Эч — ішек қарын, іш Кул — қол Чуку — шүку, тесу Мул - мол, молшылық
Майядан Ланда аударған сөздердің қазақшасы	Олардың татарша — қазақша мағыналары
Қош — құс Акап — нағашы аға Имиш — жеміс Ичин — құдық Аак — ақ Бака — құрбақа, бақа Ик - екі	Қош — құс Ага, ака - аға Жимеш — жеміс Эчу, эцу — ішу Ак — ақ, таза, ақшыл Бака — бақа Ике - екі

А.Г.Каримуллин пайдаланған ғылыми еңбектердің бірі сиу тілі мен түркі тілдерінің жақындығына арналған. Бұл еңбектің авторы О.Рериг сиу «үндістерінің» арасында екі жыл тұрып, олардың тілін үйренумен қатар аңыз-ертегілерін де зерттеп, сиу тілінің түркі тілдеріне жақындығын дәлелдейтін лингвистикалық материал жинаған. Олардың біразы төмендегідей:

Жетінше кесте

Сиу тілінде:	Татарша:	Қазақша:
Tan — tang	таң	таң
tani — tangi	тану	тану
Tannim	танымын	танымын
Ate	әти	әке
Ina	әни, ине	ене, ана
Ekta	яқта	жақта
Oya	аяк	аяқ
Kiwa, ozuye	куа, узу	куа, озу
Icu	эчу, эсу	ішу
Yasu, yaso	ясау	жасау
Yuta	йота	жүту
Kokta	күкте	көкте, аспанда
Koda	кода	құда (қайын)
Kajr	қыеп	қыып
Toka	тәуге	біріншіден
Tapa	туп	доп
Kan	кан	қан
Mi	мин	мен
Bagana	баганалау	баганалау
Oteliika	өту, өтелек	күйік, тамға
Karsun	кабу	қабу
Yotanka	ятанқы	жатыңқы, (орындық)

Майя тілі мен түркі тілдерінің байланысын арнайы зерттеген швед ғалымы Сигу Викандер [Wikander 1967] майя тілі мен түркі тілдеріне ортақ жүздеген сөздерді салыстыра зерттеудің нәтижесінде бұл тілдердің арасында генетикалық жақындық бар деген тұжырым жасайды. С.Викандер тілге тиек еткен лингвистикалық материалдардың қазақ тіліндегі баламаларын берсек былай болып шығар еді:

Сегізінші кесте

Майя тілінде:	Татарша:	Қазақша:
Aak	ак, ага	ақ, ағу (суға байланыста)
Baldiz	балдыз	балдыз
Bayal	бай	бай, мол
Bayal	буяу	бояу, боя
Bur	бор, бору	бүр, бүру
Cik	чык, шыгу	шық, шыгу
Iki	ике	екі
Kat	кат, кату	қат, қату (сүт қату)
Okce	үкчә	өкше
Sat	сат, сату	сат, сату
Ti	теш	тіс, тістеу
Tok	тук, тукмак	тоқпақ, тоқпақтау
Tur	тор, тору	түр, түру
Tscucul	чокыр	шұқыр
Yom	йом, йому	жым, жымдау
Tic	тік	тік (шыбық, ағаш тігу)
Ceh	киек	киік
Yax	яш, яшел	жас, жасыл

Жоғарыдағыдай екі немесе одан да көп тілдерден айтылуы жағынан да, жазылуы мен мағынасы жағынан да ұқсас сөздердің

азды-көпті табылуы ондай ұқсастықтардың себебі неде деген қисынды сұраққа алып келетіні сөзсіз. Шындығында, мұндай ұқсастық мұнда кездейсоқ болуы да мүмкін. Алайда біз куә болып отырған лингвистикалық материалдардың арасындағы ұқсастықтың кейбірі болмаса, бәрі бірдей кездейсоқтықтың нәтижесі деуге негіз жоқ. Өйткені ондай ұқсастық бір-екі тілмен не болмаса бірнеше сөзбен ғана шектеліп отырған жоқ.

Ал енді бір тілдің лексемалары екінші тілдің сөздерімен ұқсас болып қана қоймай, әлгі тілдің әліпесі болса не деуге болады? Ол ол ма, әлгі әліппе-лексемалардың көмегімен бүтіндей бір эпикалық шығарма жазылса, не деуге болады? Мәселен, ағылшын полковнигі әрі ғалым Джеймс Черчвард бүкіл әлемге біздің заманымыздың 403-жылынан бері белгілі болған грек әліпесінің эзотерикалық құпия мағынасы бар деген тұжырым жасайды. Нақтырақ айтқанда, әлгі әліппе адамзаттың байырғы отаны - Му елінің қалай опат болғанын баяндайтын мәлімет деген пікір айтады [Черчвард 1997]. Сөз жоқ, бұл пайымды, жұмсақтап айтқанда, фантастика демеуге болмайды. Олай болса, эмоцияны былай қоя тұрып, Черчвард ұсынған гипотезаға құлақ түрейік. Ол мұндай пайымға майя тілдерін зерттеудің нәтижесінде келгендігін алға тартады. Әртүрлі мәліметтер бойынша, әлгі тілдердің жалпы саны 10 топқа бөлінетін 80 диалектіден тұрады. Олардың біразы қолданыстан әлдеқашан шығып, өлі тілдерге айналған. Әлгілердің ішінен кара-майя тілін таңдап алып, ағылшын полковнигі Черчвард майя лексемаларын грек әріптерімен салғастыруға бел байлайды. Зерттеу нәтижесі олардың бір-бірімен сәйкестігін, дәлірек айтқанда, қазіргі грек әліпесінің түгелдей кара-майя лексемаларынан тұратынын анықтайды. Ендеше, Черчвард ұсынған айғақтарға назар аударайық.

Тоғызыншы кесте

Грек әліпесі мен кара-майя лексемалары

Грек әліпесі	Кара-майя лексемалары мен олардың мағыналары
Альфа	Аль (ауыр); паа (қирату); ба (су)
Бета	Бе (жүру); та (қайда, орын, жазық жер, жер)
Гамма	Ком (алу); ма (ана, жер)
Дельта	Тель (тереңдік); теңіздің түбі
Эпсилон	Эп (кедергі жасау); зил (жағаның жырылуы); оном (құйын)
Дзета	Дзэ (соғылу); та (қайда, жер т.с.с.)
Эта	Эт (бірге); ба (су)
Тета	Тэтбеба (созылу); ба (су)
Йота	Йо (күллі адамзат пен жан-жануар); та (қайда, жер т.с.с.)
Каппа	Ка (жауын, тосқауыл); паа (бүзу, кедергі болу)
Лямбда	Лам (суға бату); бе (жүру); та (қайда, жер т.с.с.)
Мю	Му (Му)
Ню	Ни (нүкте, шоқы, шың)
Кси	Кси (көтерілу, көріну)
Омикрон	Ом (айналу); ик (жел); ле (орын); он (үйіріле/соғу)
Пи	Пи (біріндеп, біріндеп орналастыру)
Ро	Ла (әзірше); бо (келіп-кету)
Сигма	Зи (суық); ик (жел); ма (жер, ана т.с.с.)
Тау	Та (қайда); у (түп, алқап/аңғар, тұңғыық т.с.с.)
Ипсилон	У (тұңғыық); па (резеруар); зи (суық); ле(орын); он (үйірілу)
Фи	Пе (келу т.с.с.); би (балшық, саз)
Хи	Хи (ауыз)
Пси	Пе (келу, кету т.с.с.); зи (бу)
Омега	О (аңда); мек (айналу); ка (жауын)

Оныншы кесте

Грек әліпшесі және оның эзотерикалық мағынасы

Грек әріптері	Қара-майя лексемалары	Сөзбе-сөз аудармасы
Альфа	Аль-паа-ба	Су қатты тулап
Бета	бе-та	ойпаң жерлерге жайылып кетті
Гамма	кам-ма	
Дельта	плель-та	төменгі жерлерге қойылған
Эпсилон	эп-зи-лон-ом	тосқауыл, жағалаулар жарылып, құйындар
Дзета	дзэта	жерге соғылды
Эта	эт-ба	сумен бірге
Тета	тэт беба-бе	Су жайылып
Йота	йо-та	тіршілік біткеннің бәрін көміп
Каппа	ка-паа	тосқауылдар жол беріп
Лямбда	лам-бе-та	жер суға батты
Мю	Му	Му
Ню	ни	Тек шыңдар ғана
Кси	кси	су бетінен қылатып
Омикрон	ом-ик-ле-он	құйын орала соғып
Пи	пи	бірте-бірте
По	ла-бо	келмейінше
Сигма	Эи-ик-ма	салқын ауа
Тау	Та-у	Бұрынғы тау аңғарлары
Ипсилон	у-па-зи-те-он	енді суық та терең тұңғық. Дөңгелек шұңқырларда
Фи	Пе-би	батпақ пайда болды
Хи	хи	аузы
Пси	Пе-зи	ашылып бу
Омега	о-мек-ка	будақтап вулкан бүрікті

Әдеби тәржіме

«Жазық жерлерге қарай жойқын су лап берді. Ойпаң жерлер суға толды. Бөгеті бар жерлер жырымдалған жағалауға айналды. Жер алапат судың тегеурінді соққыларына тап болды; жаны бардың, жан-жануарлардың бірі қалмай, су астына кетті, бөгеттер жарылып, Му елі суға батып ғайып болды. Судан тек шыңдардың төбесі ғана көрініп, салқын ауа келіп жеткенше, үйіріле соққан дауыл басылмады. Бұрынғы жазық далалар енді терең де тұңғық әрі тастай суық қоймаларға айналды. Олардың маңында батпақ жағалаулар пайда болды. Үңірейген қуыстардан будақтаған бумен қоса вулкан лавалары атқылады» [Черчвард 1997].

Джеймс Черчвардтың пайымдарына сенуге бола ма? Оны оқырманның өзіне қалдырайық. Бірақ ғалымның тарихи зерттеулері “біздің”, яғни ресми танылған тарихымызға емес, балама тарихқа арналса да, тілдердің туыстығына байланысты көтерген мәселелері өте маңызды. Біздің ойымызша, лингвистикалық археологияның мақсаты да осы болуы керек. Егер Черчвардтың “қазбалары” майя мен грек тілдерінің байырғы туыстығын дәлелдеп, ал соңғы екі ғасыр бойы ғалымдардың жүргізіп келе жатқан “қазба жұмыстары” майя тілдері мен түркі тілдерінің туыстығын құптағаны болса, онда... Онда ғылыми әділеттілікті сақтай отырып, адал зерттеушілердің дәстүрімен біздер грек тілі мен түркі тілдерінің арасындағы

туыстықты да мойындауымыз керек. Әңгіме бүгінгі емес, әрине, байырғы замандарда орын алған, тілдердің ортақ тамырдан тараған о бастағы жақындығы туралы болып отыр.

Ең жаңа ақпараттық технологиялармен қаруланған, тәуелсіз халықаралық орталықтардың жүргізген зерттеулері бойынша, грек тілінің жасы 43000 жылға теңеледі екен. Демек, түркі тілдерінің жасы да одан кем болмауға тиіс. Уақыт қойнауына жетелейтін келесі қадамдар, логика бойынша, ең байырғы ата тілге алып баратын болады. Бәлкім, лингвистикалық археологияның армандаған нысанасы да осы болар. Өкінішке орай, бұл нысанаға қол жеткізудің оңай болмайтыны да анық.

